Сыр бойы

№193 (20467)

Қызылорда облыстық қоғамдық-саяси газет • 1929 жылдың 1 шілдесінен шығады

22 желтоқсан, бейсенбі 2022 жыл

e-mail: syrboyi@yandex.kz / www.syrboyi.kz

www.facebook.com/syrboyi.kz/ www.instagram.com/syrboyi_kz https://twitter.com/syrboyi t.me/syrboyi_kz

3 Бірлескен жұмыс нәтижелі

4 Сапалы өнімге сұраныс көп

6 Топжарған тас қалаушы

6 “Жас қанатта” қанаты қатайған

ПРЕЗИДЕНТ

КЕЛІСІМДЕРГЕ ҚОЛ ҚОЮ ЖОСПАРЛАНҒАН

Қазақстан Республикасының Президенті Қасым-Жомарт Тоқаев Өзбекстанға мемлекеттік сапармен барды. Мемлекет басшысын Ташкент халықаралық әуежайында Өзбекстан Президенті Шавкат Мирзиёев қарсы алды.

Екі күндік сапар аясында Өзбекстан Президентімен шағын және кеңейтілген құрамда келіссөздер жүргізу, бірқатар келісімге қол қою жоспарланған.

Мемлекет басшысы Өзбекстан Республикасы Президентінің Ташкенттегі «Куксарой» резиденциясының құрметті қонақтар аллеясында ағаш екті.

***

Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаев Өзбекстанға мемлекеттік сапары барысында Ташкент қаласындағы Тәуелсіздік монументіне гүл шоғын қою рәсіміне қатысты.

«Янги Узбекистон» саябағында орналасқан монумент былтыр осы ел Тәуелсіздігінің 30 жылдығына орай орнатылған. Ескерткіште өзбек халқының тарихындағы ең маңызды оқиғалар мен белгілі мемлекет қайраткерлерінің, қолбасшылары мен ғалымдарының бейнелері кескінделген.

СҰХБАТ

Нұрлыбек НӘЛІБАЕВ, облыс әкімі:

“ХАЛЫҚТЫҢ ӘЛ-ӘУҚАТЫН КӨТЕРУ – БІЗДІҢ СТРАТЕГИЯЛЫҚ МАҚСАТЫМЫЗ”

Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаевтың Сыр еліне қолдауы негізінде соңғы 8 айда ауқымды жұмыстар атқарылып, жаңа жобалар жүзеге асқан. Бұл туралы облыс әкімі Нұрлыбек Нәлібаев «Хабар 24» телеарнасындағы «Бетпе-бет» бағдарламасында берген сұхбатында айтты. Сұхбатты жүргізген «Хабар» агенттігі» АҚ басқарма төрағасы Берік Уәли. Сұхбаттың жазбаша нұсқасын оқырман назарына ұсынамыз.

Берік Уәли: – Бағдарламамыздың бүгінгі қонағы – Қызылорда облысының әкімі Нұрлыбек Нәлібаев мырза. Нұрлыбек Машбекұлы, студиямызға қош келдіңіз. Алаштың анасы атанған Сыр елі қашан да Президентіміздің ерекше назарында. Туған жеріңіз Қызылорда өңірін көркейту жолында аянып та жатқан жоқсыз. Өзіңіз әкім болғаныңызға 8 ай болған екен. Осы 8 ай ішінде аймақты дамытуға қандай нақты қадамдар, жұмыс жасап жатырсыз? Әңгімемізді осыдан бастасақ...

Нұрлыбек Нәлібаев: – Үлкен рахмет! Биыл жылды табысты әрі нәтижелі қорытындылауға толық негіз бар деп айтсақ, артық емес. Президентіміз Қасым-Жомарт Кемелұлы Тоқаевтың қолдауымен өңірде заманауи әлеуметтік нысандар салу ісі қарқын алып, экономиканың барлық көрсеткіштерінде оң динамикаға қол жеткіздік. Қазіргі кезде өңірдің дамуы қарқынды сипат алып, барлық көрсеткіштерде оң динамика қалыптасты. Өңдеу өнеркәсібінде өнім өндірісі қазір 8,5 пайызға ұлғайды. Ауыл шаруашылығы өнімдерінің экспорты өткен жылмен салыстырғанда 71 пайызға өсті. Оның 95 пайызын өңделген өнім құрайды. Соңғы жылдарда импорттаушы елдердің саны 17-ден 21-ге дейін көбейді. Жұмыс жасап тұрған шағын және орта бизнес субъектілерінің саны 29,5 пайызға артты. Оларда жұмыспен қамтылған азаматтар саны 6,4 пайызға өсіп отыр. Кәсіпкерлікті жан-жақты қолдаудамыз. Биыл кәсіпкерлік саланы қолдауға әртүрлі көздерден 20 млрд теңгеге жуық қаржы қарастырылды. Оның шеңберінде 1300-ден аса жоба несиелендірілді. 3400-ден аса жобаға қайтарымсыз гранттар берілді. Гранттардың 40 пайызын жас кәсіпкерлердің жобаларын қолдауға арнап жатырмыз.

Халықтың әл-ауқатын көтеру – біздің стратегиялық негізгі мақсатымыз. Жұмыспен қамту бағытында Президенттің 10 мың тұрғынға 100 жұмыс орнын құру бойынша тапсырмасы 2 есеге орындалды. Дәлірек айтсақ, 205 пайызға орындалып отыр. Бүгінде 28 мыңнан астам жұмыс орны жаңадан құрылды. Оның ішінде 14 мыңнан астамы – тұрақты жұмыс орны.

Қазір тұрғын үй беруге де үлкен көңіл бөліп жатырмыз. Тұрғын үй берілуі 6,4 пайызға өсті. Алдағы үш жылда 2 млн шаршы метрден астам тұрғын үй саламыз деп жоспарлап отырмыз. Келесі аптада облыстық бюджет есебінен үйлері апатты деп танылған 100-ге тарта отбасына жаңа үйлердің кілтін табыстайтын боламыз. Келесі жылы жастарға да үй салу жұмыстарына үлкен көңіл бөліп, оған да облыстық бюджеттен қаржы қарастырудамыз. «Отбасы» банкпен бірге өңірде жаңа жобаларды жүзеге асырып, бірінші кезекте жастарды, мұқтаж азаматтарды тұрғын үймен қамтысақ деген үлкен жоспарымыз бар.

2-бет

Құрметті Қызылорда қаласының тұрғындары!

Қазақстан Республикасы Президентінің 2022 жылғы 3 наурыздағы №826 «Әкімдердің халықпен кездесулерін өткізу туралы» Жарлығын іске асыру аясында Қызылорда облысының әкімі Нұрлыбек Машбекұлы Нәлібаев құқық қорғау органдарының бірінші басшыларымен бірге Қызылорда қаласында 27 желтоқсан күні, сағат 15.00-17.30 аралығында «Достық үйінде» тұрғындармен жеке қабылдау өткізеді.

Сондай-ақ, 17.30-да «Достық үйінде» халықпен кездеседі.

Жеке қабылдауға алдын ала жазылу «E-gov», «E-otinish» бірыңғай порталы, Халыққа қызмет көрсету орталықтары арқылы «е-Нәтиже» және қала әкімдігіне тікелей барып, жазбаша нысанда өтініш беру арқылы жүргізіледі.

Кері байланыс орнату мақсатында өтініш берушінің аты-тегі, сұрақтың мәні, мекен-жайы, байланыс телефоны және электронды почта нақты көрсетілуі қажет.

Қабылдау бойынша сұрақтарды 8 (7242) 40-11-91 (ішкі 7046), (ішкі 7051), (ішкі 7049) телефондары арқылы білуге болады.

ҚОҒАМ АЙНАСЫ ЖӘНЕ ҚҰНДЫЛЫҚТАР АРҚАУЫ

«Достық үйінде» облыстық қоғамдық даму басқармасы «Сыр қоғамы – руханият бесігі» атты жылдық қорытынды салтанатты шарасын өткізді. Оған облыс әкімінің орынбасары Нұрымбет Сақтағанов қатысты.

Айсәуле ҚАРАПАЕВА, «Сыр бойы»

Биыл тәуелсіз Қазақстан жаңа бастамалар мен саяси реформаларға тың қадам жасады. Ата Заңымыз – Конституцияға өзгерістер енгізілген бүкілхалықтық референдум маңызды шара болды. Ал жиырмасыншы қарашадағы ең ауқымды әрі маңызды саяси оқиға – Қазақстан Республикасы Президентін кезектен тыс сайлау болды. Бұл сәтте де Сыр халқы мызғымас бірлік пен тату тірліктің нағыз үлгісін көрсетті.

Жыл алмасар шақта әрбір сала атқарылған жұмысын саралап, алдағы күннің міндет межесін анықтайды. Тарих қойнауына еніп бара жатқан кезеңді облыстық қоғамдық даму басқармасы аймақтың қоғамдық-саяси ахуалының тұрақтылығы мен идеологиялық тұрғыдағы толымды тірліктермен нәтижелеуде.

Жастар театры артистерінің қойылымымен басталған салтанатты шараның ашылуында облыс әкімінің орынбасары Нұрымбет Сақтағанов өтіп бара жатқан жылда облыстық қоғамдық даму басқармасы 20 жылдық белесті қорытындылап, жаңа кезеңге аттағанын айтты. Жылдың есте қаларлық оқиғаларына тоқталды.

– Тарих қойнауына еніп бара жатқан 2022 жыл қасіретті қаңтар оқиғасымен басталды және мәңгі есте қалды. Халқымыз өте қиын сынақты бастан өткерді. Мемлекетіміздің тұтастығына, азаматтарымыздың қауіпсіздігіне, еліміздің болашағына қауіп төнген сол күндер бәріміздің жадымызда. Тұнығымызды лайлауға әрекет еткендерге дер кезінде тойтарыс берілді. Бұл Тәуелсіз Қазақстан тарихына «Қасіретті қаңтар» деген атпен енді. Өткеннің сабағы жаңа қоғамның табалдырығын аттап, баршамыздың ортақ үйіміз – Жаңа Қазақстанды құруға түрткі болды. Бастысы – ел басына түскен осындай сынақты қайыспай, біртұтас ел болып еңсере білдік.

4-бет

Нұрлыбек Нәлібаев, облыс әкімі:

«Халықтың әл-ауқатын көтеру – біздің стратегиялық мақсатымыз»

Әрине, өңір болғаннан кейін қиыншылықтар болады. Мысалы, бізде мұнай қоры жылдан жылға төмендеп бара жатыр. Осыдан он жыл бұрын өңірімізде жылына 12 млн тонна мұнай өндірілсе, қазіргі таңда 3,5 млн тоннаға дейін түсіп, үш есеге азайып кетті. Бюджетке түсетін түсімдер де азаятыны белгілі. Мұнай саласынан түсетін бюджеттік түсімдер 2,5 есеге азайып отыр. Бірақ, мұнай саласында жұмыс орындарын қысқартпауға, жалақыны көбейтуге жұмыс жасап жатырмыз. Жыл басынан бері мұнай саласындағы мекемелерде жалақы 50 пайызға дейін артты. 52 ірі компаниялармен, оның ішінде ірі мұнай компаниялары бар, барлығымен меморандумға отырып, алдағы уақытта да мұнай қоры азайғанымен, жұмыс орынын қысқартпауға, жалақыны жылда біртіндеп көбейтуге меморандумға қол қойдық. Оған үлкен компаниялардың басшылары, Алматы, Астана қалаларынан келіп меморандумға қол қойып, осындай келісімге келіп жұмыс жасалуда.

Қазіргі таңда Энергетика министрлігімен, «ҚазМұнайГаз» компаниясымен жаңа кен орындарына геологиялық барлау жұмыстары жүргізілуде. Ол жұмыстар қазірдің өзінде басталды. Облыс аумағындағы перспективалы және мұнайлы-газды «Шу-Сарысу», «Сырдария», «Арал» бассейндерінде Экология, геология және табиғи ресурстар министрлігімен бірлесіп геологиялық, геофизикалық зерттеу жұмыстарын бастап кеттік. Бұл мақсатта 4 млрд теңгеге жуық қаржы бөлінді. Қазір барлау жұмыстары жүріп жатыр. Алда тереңдігі 5 мың метрге дейін жаңа кен орындары ашыла ма деген үміт бар. Әйтпесе, мұнай қоры жылдан жылға азаюда. Қазір біз оның орнын басқа өндірістермен толтыруға жұмыс жасап жатырмыз. Бұл бағытта өңірде біраз жұмыс қолға алынды.

Өзіңіз білесіз, бізде он жылдан бері әңгіме болып келе жатқан Шыны зауытын іске қостық. Қазан айынан бастап жұмыс жасап жатыр. Қазір Алматы, Астана, Шымкент қалаларына шыныдан жөнелтілуде. Қазіргі таңда 17 мың тоннадай шыны жөнелтілді. Зауыттың қуаттылығы жылына 197 мың тонна. Мұндай үлкен жоба Президенттің, Үкіметтің қолдауымен жүзеге асырылды. Жоба құны – 42 млрд теңге.

Әрі қарай осы жұмыстарды жандандырамыз. Өңірде өндіріс орындарын әлі де көбейту керек. Сол бағытта жұмыс жасалуда.

Берік Уәли: – Жақсы, рахмет. Сөзіңізді әдейі бөлмедім. 8 айда атқарылған жұмыстарды бір сұрақтың ішіне сыйдыру оңай емес. Десек те, сіз жан-жақты толық қамтып алсын деп, көрерменге нақты мағлұмат берсін деп сөзіңізді бөлмедім. Сұхбатымызды Президентіміздің сөзімен жалғастырғым келіп отыр. Мемлекет басшысы: «Шаруалардың өзара ұжымдасуы ауыл шаруашылығын дамытуға жол ашып отыр. Біз осындай пилоттық жобаны жүзеге асырдық. Оған қатысқан ауыл шаруашылығы кооперативтерінің егіні екі есе артық өнім берген. Әр өңірдің ерекшелігін ескере отырып, оң тәжірибені бүкіл елге біртіндеп тарату керек. Тұтастай алғанда, еліміздің агроөнеркәсіп кешені келесі жылдан бастап жаңа әрі тұрақты ереже бойынша жұмыс істеуі қажет» деді.

Соңғы жылдары Сыр диқандары су тапшылығына алаңдаулы. Өйткені өңірдің ақ маржаны – күріш алқабы азаюы мүмкін. Бұл мәселені қазір қалай шешіп жатырсыздар?

Нұрлыбек Нәлібаев: – Біз – негізінен аграрлық өңірміз. Оның ішінде, басты дақылымыз – күріш. Ол суды көп қажет ететіні бәрімізге белгілі. Бізде суармалы жерлер өте көп. Соңғы жылдары шынында да жоғарыдан келетін судың көлемі азаюда. Ол тек біздің өңірде емес, көп елдерде судың тапшылығы сезіліп жатыр. Биыл бізде су көлемі аз болады деген болжам жылдың басынан бастап болды. Өйткені өткен жылы да су тапшы болды. Қазір біз зерттеу жұмыстарын жүргізіп жатырмыз. Мысалы, 10 жылдың көлемінде Аралға келетін судың өзі төмендеп кеткен. Қазір ондағы су 9 млрд текше метрге дейін азайды. Соңғы 12 жылда 7 млрд текше метр су аз келген. Мен қызметке келгенде күріштің көлемін 20 мың гектарға дейін қысқарту жоспарланған екен. Біз тәуекелге барып, 20 емес, 5 мың гектарға дейін қысқарттық. Өйткені күріш – өңірдің ең негізгі дақылы. Халықтың да негізгі күнкөрісінің бірі осы күріш. Осы күріштің айналасында қаншама адам жұмыс істейді. 20 мың гектарға қысқартсақ, төрттен бірі қысқарып кетеді. Сондықтан биыл 5 мың гектарға қысқартып, 78 мың гектарға күріш егіп, төкпей-шашпай жинап алдық.

Берік Уәли: – Өнім қалай болды?

Нұрлыбек Нәлібаев: – Өнім жақсы. Жылдағыдай өнім алдық. Мемлекет басшысының, Үкіметтің қолдауының арқасында су тапшылығы көп сезілген жоқ. Сырдария өзенінің жоғарғы ағысында орналасқан мемлекеттермен нәтижелі келіссөздер жүргізілді. Мемлекет басшысының қолдауымен жоспарланғаннан артықтау су келіп, күрішімізді сумен қамтамасыз етіп, жинап алдық. Одан бөлек, биікте орналасқан жерлерге су жеткізуге Үкімет резервінен 3 млрд 600 млн теңге қаржы бөлінді. Оған 156 дана көтерме насостар сатып алдық. 50-ден астам ұңғыма қаздық. Гидротехникалық нысандарды жөндеуден өткізіп, Үкіметпен бірлескен нәтижелі жұмыстың арқасында биыл судан тапшылық көрген жоқпыз. Келесі жылға да қазірден дайындық жұмыстарын жүргізіп жатырмыз. Өйткені күріштің көлемін енді қысқартпаймыз. Бұл – халықтың негізгі күнкөріс көзі. Оған қоса, күріш көлемін азайтсақ, жеріміз де тез тұзданып кетеді. Оны барлық ел біледі. Ал тұзданған жерді қайта қалпына келтіру өте қиын. Ондай жерге басқа өнімдердің шығуы да қиын. Халық та негізінен күрішке бейімделген. Бірақ суды үнемдеу бағытында біраз жұмыстар жасалуда. Жерді тегістеп, күріштің тез пісетін, суды аз қажет ететін сорттарын егу қарастырылуда. Қарап отырмай, суды барынша үнемдеуге жұмыс жасалуда.

Берік Уәли: – Сырдың ақ маржаны Америка асып, кәрі құрлық – Еуропаға да жөнелтілетінін білеміз. Дегенмен, қазір әртараптандыруға мойын бұратын уақыт. Өңірде күріштен басқа қандай өнім өндіруді жолға қойып жатырсыздар? Күрішпен шектелмейсіздер ғой?

Нұрлыбек Нәлібаев: – Әрине, күрішпен шектелмейміз. Әртараптандыру бағытында біраз жұмыстар жасап жатырмыз. Әсіресе, бақша өнімдеріне үлкен көңіл бөлінуде. Мен осы қызметке кіріскелі бері барлық аудандардың басшыларына тапсырма бердім. Демеушілердің көмегімен әр ауданда жер дайындап, әр ауылға, ауданның халқына керекті дақылдарын, бақшаларын егіп алыңыздар деп айттық. Көп жерде ең керекті картоп, жуа, сәбіз екті. Біз жерлерін дайындап бердік. Оған шығын болған жоқ, демеушілер арқылы жасалды. Келесі жылы осы жұмысты ұлғайтамыз деп жатырмыз. Қазірден бастап тапсырма берілді. Келесі жылы әр ауылда, аудандарда жер дайындап, демеушілер есебінен насос қондырғыларын орнататын болсақ, оның жанар-жағармайына дейін демеушілер арқылы шешіп, қарапайым халыққа өздеріне керекті өнімдерін егіп алуға жағдай жасаймыз. Осы арқылы бір жағынан халықты жұмыспен қамту, екінші жағынан бағаны тұрақтандыруға өз әсерін береді. Өзіне керек бақша өнімдерін егіп алған халық сырттан алмайды.

Одан бөлек, Жаңақорған ауданында жылына 24 мың тонна қызанақ пастасын шығаратын зауыт салу бойынша түрік компаниясымен келісімге келдік. Компания келесі жылы жұмыстарды бастайды. Мемлекет басшысы өткенде Түркияға сапармен барғанда бізден де кәсіпкерлеріміз барды. Сол кезде меморандумдарға қол қойылып, қазіргі таңда нәтижесін беріп жатыр. Жұмысты келесі жылы бастаймыз. Бұл – біз үшін үлкен жоба. Құны – 13 млрд 800 млн теңге. Сол арқылы да біз халыққа көптеген жұмыс орындарын ашып береміз. Өйткені зауытқа қызанақ керек. Сондықтан қызанақ көлемін көбейтеміз.

Берік Уәли: – Нұрлыбек мырза, орайы келіп тұрғанда айтайын, Президент өңір әкімдеріне инвестиция тартуды тапсырған болатын. Жолдаудан үзінді келтіргім келіп отыр. «Арнайы экономикалық аймақтарға инвестициялық жеңілдіктерді саралап беру керек. Неғұрлым көп ақша салсаң, соғұрлым көп жеңілдік аласың деген ұстаным басты қағида болуы қажет. Жұмыс істейтін саласы негізгі бағыт болмаса да, маңыздымаңызды индустриялық жобаларды жүзеге асыратын инвесторлар бар. Оларға салық және кеден жеңілдіктерін ұсынбай-ақ, жер телімдерін беруге болады» деді Қасым-Жомарт Кемелұлы. Өзіңіз білесіз, Қызылорда – дотациялы өңір. Әлбетте, аймақтың инвестициялық әлеуетін арттыру жағы қалай болып жатыр?

Нұрлыбек Нәлібаев: – Бұл бойынша да қазір жаңа мүмкіндіктер көзін қарастырып жатырмыз. Инвестор келген жағдайда біз барлық жағдайын жасаймыз. Жерін дайындап, оған керекті барлық инфрақұрылымды жеткізіп береміз. Биыл облысқа 373 млрд теңге инвестиция тарту межесі бекітілген болатын. Жоспарға қол жеткізу үшін барлық аудан, қала әкімдеріне, тиісті басқарма басшыларына тапсырмалар беріліп, Жол картасын әзірледік. Атқарылған жұмыстар нәтижесінде жоспар 94 пайызға орындалып тұр. Жылдың аяқталуына шамалы күн қалды, 100 пайызға орындаймыз деген жоспарымыз бар. Орындалатын болады. Өңірлер арасында орындалу көрсеткіші бойынша ең алдыңғы қатарда тұрмыз. Жалпы инвестиция тарту көрсеткіші осы жылдың 11 айында 31 пайызға өсті. Индустриялық жобалар мұнай-газ, уран компанияларында іске асырылған жобалар есебінен өнеркәсіп саласына тартылған инвестиция көлемі 41 пайызды құрады. Алдағы бесжылдықта өңірде инвестиция көлемі 613 млрд теңгені құрайтын 37 индустриялық жобаны іске асырамыз деп жоспарлап отырмыз. Алдымызға сондай міндет қойдық. Қазір нақты жобаларымыз бар. Біз айтып өткен Шыны зауытының айналасында да 8 жобаны іске асырсақ деген ойымыз бар. Ол бойынша қазір 3 инвестормен келісімге келдік. Жобаларды бастайын деп жатырмыз. Тағы 5 инвестормен жұмыстар жүргізілуде. Алдағы уақытта жоба жүзеге асатын болады.

Одан бөлек, «Шалқия» қорғасын-мырыш шығаратын үлкен кен орны бар. «Самұрық қазынамен» бірге осы «Шалқияны» іске қосуға жұмыс жасалуда. Бұл бағытта биылдың өзінде 35 млрд теңгедей инвестиция тартылды. Осы жобаны іске қоссақ, өңірге үлкен көмек, қолдау болғалы тұр.

Берік Уәли: – Әңгімемізді ауыл медицинасына ауыстырсақ. Ауыл медицинасы десек, Президенттің сөзі еске түседі. «Бүгінде елімізде 650 елді мекенде емдеу мекемесі жоқ. Алдағы екі жылда бұл ауылдарда медициналық және фельдшерлік-акушерлік бөлімшелер салынып, қажетті құрал-жабдықпен толық қамтамасыз етіледі. Осылайша, мемлекет бір миллионнан астам адамның алғашқы медициналық-санитарлық көмек алуына мүмкіндік жасайды» деген болатын. Облыста 27 дәрігерлік амбулатория салмақшы екенсіздер. Өңір халқының денсаулығын жақсартуға арналған тағы қандай жобаларыңыз бар? Бұлардың барлығын салып үлгересіздер ме?

Нұрлыбек Нәлібаев: – Өте дұрыс айтасыз. Бізде алдағы үш жылдың ішінде 27 медициналық нысан, оның ішінде амбулатория, медициналық пункттер салу жоспарланған. Олардың барлығы негізінен ауылдарда салынатын болады. Жоба Ұлттық жоба аясында, Мемлекет басшысының қолдауымен жүзеге асайын деп жатыр. Бұл медицина саласындағы көптеген өзекті мәселелердің шешімін табуына өз ықпалын тигізеді. Одан бөлек, Мемлекет басшысының қолдауымен, бізде көптен келе жатқан жоба – 100 орындық емханасы бар, 300 орындық көпсалалы аурухана. Оның құны 36,5 млрд теңге тұрады. Сол аурухана құрылысы келесі жылы басталатын болды. Алдағы үш жылдық бюджетке енді. Тиісті қаржы қаралды. Бұл да өңірде медицина саласының дамуына үлкен септігін тигізеді. Осындай жобаларымыз бар.

Одан бөлек, жеке инвесторлармен де медицина саласында жұмыс жасап жатырмыз. Қазір «Медикер» компаниясы сияқты үлкен компаниялар келіп, өңірде клиникалар, емханалар ашуда. Алда ауруханаларды да сенімді басқаруға алып дамыту бойынша жоспарлар бар. Қазір соны талқылау үстіндеміз. Тек бюджетке қарап отыруға болмайды, мәселені жан-жақты ізденіп шешуіміз керек. Инвесторлар арқылы да саланы дамытуға үлкен мүмкіндігіміз бар.

Берік Уәли: – Халық үніне құлақ асатын мемлекет тұжырымдамасы – Президент Жолдауына арқау болған бағыттардың бірі. Халықпен сындарлы диалог орнатуда жақсы тәжірибе бастапсыздар. Барлық деңгейдегі құқық қорғау органдары басшыларымен бірге ауылдарға барып, жергілікті жұрттың мәселесін сол мезетінде шешуге машықтанып жүр екенсіздер. Бұған қалай қол жеткізілуде? Өз нәтижесін беріп жатыр ма?

Нұрлыбек Нәлібаев: – Әрине. Осы қызметке барғалы осындай шешім қабылдап, Мемлекет басшысының тапсырмасына сәйкес халық үніне құлақ асатын мемлекет қағидасына сүйеніп барлық құқық қорғау органдары басшыларымен келісіп, бірінші менің орынбасарларым, өңірдегі құқық қорғау органдарымен бірігіп өңірдегі барлық ауданды аралап шықты. Бұл туралы бір апта бұрын әлеуметтік желілерде жарияланды. Құқық қорғау органдары басшыларының орынбасарлары облыс әкімінің орынбасарымен бірге барлық мәселелер бойынша халықты қабылдайды. Осындай кездесулерді дәстүрге айналдырып, ай сайын мәселелері бар ауылдарға, аудан орталықтарына барып өткізіп жүр. Жылына кем дегенде екі рет, қажет жағдайда, шұғыл мәселе болса қай кезде болса да міндетті түрде барамыз.

Берік Уәли: – Нәтиже бар ғой?

Нұрлыбек Нәлібаев: – Нәтиже бар. Кездесулерде Сот төрағасынан бастап, ҰҚК департаментінің басшысы, облыс прокуроры, ІІД басшысы, барлық құқық қорғау органдары басшылары бір залда отырып, таңғы сағат 9-дан келген азаматтардың барлығын қабылдадық. Ешқандай шектеу жоқ. Ол да әлеуметтік желіде бір апта бұрын хабарланды. Азаматтар келіп, сұрақтарын қойды. Кездесулерде мәселелердің көбін сол жерде шешуге тырысамыз. Уақыт керек немесе бюджетке байланысты мәселелерді кейін шешіп беріп жатырмыз. Ел болған соң мәселелер болады. Көбі сол жерде шешім тауып жатыр. Кейбір азаматтар балаларын емдету мәселелерімен келеді, оны да демеушілер арқылы сол жерде шешуге тырысамыз. Кейбір азаматтардың істері дұрыс қаралмайды. Ол бойынша да сот төрағасы қарап, кейін шешімін шығаруда.

Берік Уәли: – Бұл жұмыстар жалғасын таба береді ғой?

Нұрлыбек Нәлібаев: – Жалғасын табады. Атап өткенімдей, жылына екі-үш рет барып, осындай кездесулер өткіземіз. Мысалы, 27 желтоқсан күні осындай кездесуді облыс орталығында өткізгелі жатырмыз. Ал келер жылдың басын Байқоңыр қаласынан бастаймыз. Бұл – өте нәтижелі жұмыс.

Берік Уәли: – Расында да, басқа облыстарға үлгі боларлық жағдай екен. Бастамаларыңыз басқаларға да жұғысты болсын. Мемлекет басшысының тапсырмасымен биыл Балалар жылы болып белгіленгенін білесіздер. Жыл аяқталуға жақын. Президент өз Жолдауында жас буынның білімді болуына баса назар аударғаны белгілі. Президент сөзімен айтсақ: «Орта білімнің сапасы – табысты ұлт болудың тағы бір маңызды шарты. Әрбір оқушының білім алып, жан-жақты дамуы үшін қолайлы жағдай жасалуға тиіс. Сол үшін «Жайлы мектеп» ұлттық жобасы қолға алынды. Біз 2025 жылға дейін 800 мың баланың заманауи мектепте оқуына жағдай жасаймыз. Осылайша, апатты жағдайдағы және үш ауысыммен оқитын мектеп мәселесін толық шешеміз. Бұл ауыл және қала мектептерінің айырмашылығын едәуір азайтады» деген болатын. Осы «Жайлы мектеп» жобасы Қызылордада қалай жүзеге асып жатыр?

Нұрлыбек Нәлібаев: – Бізде алдағы үш жылда Мемлекет басшысының қолдауымен ұлттық жоба аясында 21 жайлы мектеп салынатын болады. Қазір жерлері анықталып, жобалар жасалып жатыр. Бұл – шамамен 100 млрд теңгеден астам қаржы. Бұл, шынында да, білім саласының дамуына ерекше серпін берейін деп тұр. Одан бөлек, бұл бағытта да жеке инвесторлар тартудамыз. Қазір жеке инвесторлар есебінен облыста 21 жеке мектеп жұмыс жасап тұр. Алдағы 1-2 жылда тағы 12 мектеп инвесторлар есебінен салынатын болады. Осы арқылы үш ауысымды мектептерді жоямыз.

«Балалар жылы» аясында өңірде біршама жұмыс атқарылды. Жергілікті демеушілер көмегімен 1 млрд 600 млн теңгеге 80 спорт-ойын алаңы салынды. Айтып өткенімдей, барлығын бюджеттен шешу мүмкін емес. Сондықтан демеушілерді көптеп тартудамыз. 7-8 ай ішінде өңір кәсіпкерлерінің көмегімен 9 млрд теңгеге жуық қаржы тартылып, әлеуметтік нысандар салынды. Қазір жеке кәсіпкер қолдауымен 1,5 млрд теңгеге «Аналар үйі» салынуда. Бұл да – өңір үшін үлкен көмек. Одан бөлек, Сырдария ауданында 355 млн теңгеге «Абзал и К» жауапкершілігі шектеулі серктестігі қолдауымен «Еңбекшілер паркі», Жаңақорған ауданында 791 млн теңгеге «Жастар паркі» салынды. Арал ауданы Тоқабай елді мекенінде апатты мектептің орнына кәсіпкер қолдауымен 500 млн теңгеге жаңа мектеп салынуда. Жергілікті кәсіпкерлер жобалар жасауға да 2 млрд теңгеге жуық көмек көрсетті. Оған 50 млрд теңгенің жобаларын жасап, салалық министрліктерге ұсындық. Ол жобалардың біразы қолдау тауып, келесі жылы жүзеге асатын болды.

Биыл Мемлекет басшысының қолдауымен бюджетіміз де жақсы бекітілді. 520 млрд теңге бюджетті бекіттік. Былтырғымен салыстырғанда 160 млрд теңгеге артық. Бұл – өңір үшін өте үлкен қолдау. Енді сол қаражаттың барлығын тиімді пайдаланып, ең өзекті, халыққа қажет жобаларға жұмсайтын боламыз.

Берік Уәли: – Мемлекет басшысының қолдауымен бөлініп жатқан қаржының барлығын өзіңіз айтқандай тиімді, халықтың әл-ауқатын көтеруге бағытталған жобаларды іске асыруға жұмсалуына тілектестік білдіреміз. Бір облыста атқарылып жатқан жұмыстарды жарты сағатқа сыйғызу оңай емес. Әлі талай Астанаға келерсіз, сол кезде өзіңізбен тағы да сұхбат жүргіземіз деп ойлаймын...

Нұрлыбек Нәлібаев: – Үлкен рахмет. Сыртта жүрген өңіріміздің азаматтары да Мемлекет басшысының тапсырмасына сәйкес үлкен көмек көрсетіп жатыр. Өңірде жерлесіміз Болат Өтемұратовтың қолдауымен 12 млрд теңгеге жаңадан әуежай терминалы салынады. Одан бөлек, «Саутс Ойл» компаниясының қолдауымен 7 мың орындық стадион салынады. Ол да 6 млрд теңгеге жуық қаражат. Бюджет есебінен де келесі жылы «Неке сарайы», «Өнер орталығы» секілді көптеген нысандар ел игілігіне берілетін болады.

Берік Уәли: – Қызылордадан түлеп ұшқан қалталы кәсіпкерлер үшін туған жерге туын тігіп, қаржысын өзінің туған еліне құйғаннан артық қандай бақыт керек?! Сол іске жұмылдырып отырған сіздерге рахмет! Студиямызға келіп, барлық сұрақтарға жауап бергеніңізге рахмет!

Сұхбатты қағазға түсірген
Биболат СӘТЖАН,
«Сыр бойы»

1-бет

ДІН – ТАТУЛЫҚ ПЕН ТҰРАҚТЫЛЫҚ ДІҢГЕГІ

Аймақтың саяси-әлеуметтік ахуалына қатысты жыл бойы атқарылған жұмыстардың жайын нақтылап, алдағы жылға әзірленген жоспарды талқылау мақсатында облыс әкімінің орынбасары Нұрымбет Сақтағанов руханият өкілдерімен кездесті.

Ғазиза ӘБІЛДА,
«Сыр бойы»

«Достық үйінде» өткен жиында алдымен аймақтағы саяси тұрақтылық, рухани келісім, дінаралық татулық бағытында атқарылған жұмыстарға бейнешолу жасалды. Деректерге зер салсақ, облыстық дін мәселелерін зерттеу орталығының жүргізген сауалнамасына қатысушылар аймақтағы діни ахуал 96,6 пайыз тұрақты деп жауап берген. Бүгінде бұл орталықта 36 маман, оның ішінде 14 теолог-маман оңалту жұмыстарымен айналысады. Сонымен қатар, дін мәселесі бойынша халықтың құқықтық сауаттылығын арттыру, терроризмнің алдын алу, деструктивті діни ағымдардың радикалды идеологиясына тұрақты иммунитет қалыптастыру бағытында тұрғындар арасында ақпараттық-түсіндірме жұмыстары үздіксіз жүргізіліп келеді. Бұл мақсатта 237 адамнан құралған 9 топ жұмыс жасайды. Жыл ішінде аталған ақпараттық-түсіндірме топтарының қатысуымен, түрлі деңгейде 1700-ден астам іс-шара өткізілген. Сондай-ақ, биыл аймақтағы діни араздықты және өзге де шиеленісті болдырмау үшін арнайы облыстық сараптамалық кеңес құрылып, жұмысын бастаған.

Жиында облыс әкімінің орынбасары Нұрымбет Аманұлы күн тәртібінде талқыланып отырған діни ахуал мәселесінің ел бірлігі, оның ішінде өңірде қоғамдық-саяси тұрақтылықтың қалыптасуына ықпалы зор екенін атап өтті.

– Дін мен мемлекеттің түйісер жері – әлбетте, елдің ынтымағы мен бірлігі және тұрақтылығы. Сондықтан осы екі тараптың бірігіп әрекет ететін, өзара ұштасатын тетіктері уақыт өткен сайын жетілдіріліп, айқындалып отыруы тиіс. Айталық, бүгінде елімізде орныққан қоғамдық-саяси тұрақтылықтың негізі – біріншіден, халқымыздың ертеден келе жатқан рухани құндылықтары, екіншіден Мемлекет басшысының салиқалы саясатының жемісі, – деді Н.Сақтағанов.

Келелі тақырыпқа байланысты пікірін білдірген облыстық ардагерлер кеңесінің төрағасы Серік Дүйсенбаев дін мәселесінің мемлекеттік саясатта өзіндік ықпалы бар екенін, бұл тұрғыда ұлттық құндылығымызды, тарих пен тағылымды таныып-білуге бағытталған тәрбиелік жұмыстардың барлығы осы саламен сабақтас екенін айтты.

– Қазақ халқының салт-дәстүрі мен әдет-ғұрпы халықтың тұрмысына, өміріне, сеніміне қарай қалыптасқан. Сондықтан бүгінгі басты мәселе – халқымыздың рухани асыл қазынасын жастардың бойына сіңіре білу, – дейді ардагер.

Дін мәселелерін зерттеу орталығының директоры Нұрбол Ахметов жыл қорытындысы бойынша орталық жұмысының нәтижесі мен алдағы міндеттер жөнінде баяндады. Баяндамашының айтуынша, бүгінде облыста исламдық бағытта 78 мешіт, христиандық бағытта 15 шіркеу бар. Бұл ретте басқарма және орталық тарапынан бірлестіктермен тығыз қарым-қатынас орнатылған. Осындай қарым-қатынас негізінде өңірдегі діни бірлестіктердің және облыстық қылмыстық атқару жүйесіне қарасты түзеу мекемелеріндегі кітап қорларына зерттеу жүргізіліп, тағы басқа жоспарлы жұмыстар атқарылған.

Қазақстан мұсылмандары діни басқармасының облыс бойынша өкілі, «Ақмешіт-Сырдария» орталық мешітінің бас имамы Болатбек Әбуов аймақта дінаралық келісімді сақтау мен қоғамдық тұрақтылықты дамытуда руханият өкілдерінің ой-пікірі әрдайым маңызды екенін айтты. Осы орайда қазіргі қоғамда ең өзекті мәселенің біріне айналған дінаралық татулықты қалыптастыруда өңірдегі дін өкілдерінің, сала мамандарының ізденіске толы үздіксіз еңбегі республика көлемінде лайықты бағаланып жатқанын айтып, алғыс білдірді. Сонымен қатар, осы жылы бас мүфтидің қатысуымен рухани тағылымы мол ауқымды іс-шаралар атқарылғанын, соның бірі – Марал ишан атында діни оқу орны ашылғанын атап өтті.

Кездесуде Қорқыт ата университетінің профессоры Б.Қожамберлиев мектептерде дін тақырыбын оқыту, сондай-ақ, діни сала мамандарын даярлау бағытындағы жұмыстарға аса тиянақтылық қажет екенін айтса, М.Бәйдәулет, С.Алдашбай, А.Тұңғышбаева, М.Ниязов сынды әр сала өкілдері рухани тәрбиені нығайту бағытында заман талабына сай жаңаша бастамаларды жүзеге асыру төңірегінде ұсыныстарын жолдады.

Жиын соңында аймақта рухани келісім, татулық, тұрақтылықты сақтауда еңбек етіп жүрген азаматтар облыс әкімінің Құрмет грамотасымен, Алғысымен және облыс әкімі орынбасарының Алғыс хаттарымен марапатталды.

БІРЛЕСКЕН ЖҰМЫС НӘТИЖЕЛІ

Облыс әкімдігінің қолдауымен 2014 жылдан бастап өңірде археологиялық қазба жұмыстары жүйелі түрде жүргізіліп келеді. Биыл Қармақшы ауданындағы ежелгі Бәбіш мола, Қазалы ауданындағы ортағасырлық Жанкент, Жаңақорған ауданындағы Сығанақ қалашықтарында қазба жұмыстары жүргізілді. Нәтижесінде әртүрлі кезеңге жататын тұрғын үй орындары, маңызды құрылыс нысандары, қыш, құмыра күйдіретін пештер мен кесенелер табылды.

Аружан ЕРАЛЫ,
«Сыр бойы»

Осыған орай облыстық тарихи-өлкетану музейінде археологиялық зерттеу жұмыстарының көрмесі өтті. Оған облыс әкімінің орынбасары Нұрымбет Сақтағанов, облыстық мәдениет және спорт басқармасының басшысы Руслан Рүстемов және Алматы, Түркістан қалаларынан келген археолог мамандар қатысты.

Ең алдымен, Қармақшы ауданында орналасқан сақ заманының айрықша ескерткіші Бәбіш мола қалашығынан табылған көне жәдігерлер таныстырылды. Тарихи мекендегі зерттеу жұмыстары «Антик» халықаралық ғылыми-зерттеу орталығының археолог мамандары Ж.Құрманқұлов пен Ж.Өтебаевтың жетекшілік етуімен жүзеге асырылды. Қазба жұмыстарының барысында «Көзешілер» мекенінің тұрғын үйі, 2 жерлеу орны табылған. Қазба жұмысы аяқталған соң тарихи нысандарға консервациялау жұмыстары жасалған.

Жанкент қалашығынан табылған ескі жәдігерлер де көрме экспозициясына қойылған. Жанкент қалашығы – республикалық маңызы бар тарихи және мәдени ескерткіш. Әсіресе түркі-оғыз тайпаларының тарихын зерттеуде айрықша маңызға ие. Бұл қалашықта археологиялық қазба жұмыстарын жүргізуге Қорқыт ата атындағы Қызылорда университеті жанындағы «Археология және этнография» ғылыми-зерттеу орталығының жетекшісі Ә.Тәжекеев және археолог С.Біләлов жетекшілік еткен.

– Зерттеу барысында шығыс және батыс қамал қабырғасын, қорған мұнарасын аршу бағытындағы жұмыстар жүргізіліп, қалашықтың шығыс бөлігінде орналасқан тұрғын үй кешенінде жалғасты. Аршылған нысандарды уақытша сақтау, бекіту, консервациялау жұмыстары жүргізілді.

Жанкент қалашығында қазба жұмыстарымен қатар бір бөлменің композициясы жасақталып, Оғыз дәуірінің дәстүрінен хабар беретін тарихи мүсіндер қойылып, туристер үшін қалашық ішіндегі тұрғын үйдің ежелгі қалпын көруге мүмкіндік жасалды, – деді археолог С.Біләлов.

Сондай-ақ, Қорқыт ата атындағы Қызылорда университеті мен Германияның Тюбинген университетінің бірлескен жобасы аясында аталған қалашықта қосымша қазба жұмыстары жүргізілді.

Көрме барысында археолог мамандар Жаңақорған ауданы Сунақата ауылынан 2 шақырым жерде орналасқан ортағасырлық Сығанақ қалашығынан табылған жәдігерлерді көпшілікке ұсынды. Мұнда қазба жұмыстарын «Мәдени мұра» ғылыми-зерттеу орталығының жетекшісі С.Мұрғабаев жүргізген.

Тарихқа жүгінсек, Сығанақ қаласы Қыпшақ хандығы мен Ақ Орданың астанасы және Әбілқайыр ханның басқару ордасы болуымен ерекшеленеді. Аталған қалашықта ерекше жәдігерлерді консервациялау және уақытша сақтау жұмыстары жүргізілген.

– Қазба жұмыстары кезінде Сығанақ қалашығының тарихымен байланысты Қожамберді ауылындағы Көккесене сағанасы толық аршылды. Сондай-ақ, бүгінге дейін қалашықта қыш күйдіретін пештер табылмаған. Биылғы зерттеу жұмыстарының нәтижесінде пештердің комплексі анықталды. Лабораториялық зерттеулерге қарағанда пештерде 1000 градусқа дейін қыш, керамикалық ыдыстарды күйдірген екен, – деді зерттеуші С.Мұрғабаев.

Биыл Ғылым және жоғары білім министрлігінің 2021-2023 жылдарға арналған гранттық қаржыландыру жұмыстары бойынша Сығанақ қалашығында Қожа Ахмет Ясауи атындағы халықаралық қазақ-түрік университетінің жетекшілігімен зерттеу жұмыстары жасалды. Зерттеу нәтижесінде қыш құмыралар мен әшекей бұйымдар табылған. Көрмеге қатысушылар көне жәдігерлермен танысу барысында мол мағлұмат алды.

Көрме соңында облыс әкімінің орынбасары Сыр еліне арнайы келген қонақтарға алғыс білдірді. Алдағы уақытта зерттеу жұмыстарына облыс әкімдігінен қолдау көрсетілетінін айтып, тиісті сала мамандарына тапсырма берді. Сондай-ақ, археологиялық зерттеу орталықтары арнайы жоба әзірлеп, бірлескен жұмыс жүргізілетінін жеткізді.

БРИФИНГ

ӘЛЕУМЕТТІК САЛАНЫҢ ӘЛЕУЕТІ АРТА ТҮСТІ

Биыл Сыр өңірінің әлеуметтік саласында көптеген жұмыстар атқарылды. Жаңа ғимараттар пайдалануға беріліп, ел игілігіне айналды. Осындай орайлы істер алдағы уақытта да жалғасын табады. Бұл жөнінде облыс әкімінің орынбасары Нұрымбет Сақтағанов өңірлік коммуникациялар қызметінде өткен брифингте мәлім етті.

Әділжан ҮМБЕТ,
«Сыр бойы»

Мемлекет басшысының қолдауымен биыл елімізде «Балалар жылы» лайықты деңгейде аталып өтті. Атаулы жыл аясында өңірде 12 әлеуметтік нысан салынды. Олардың қатарында 6 мектеп, 2 қосымша білім беру орталығы, балабақша, Оқушылар үйі және Өнер мектебі бар.

– Сондай-ақ, Арал ауданаралық ауруханасы базасында 3 жасқа дейінгі балаларға арналған ерте араласу, көпбейінді облыстық балалар ауруханасында 2-14 жас аралығындағы балалар үшін оңалту, Қызылорда қаласында аутизм, №261 орта мектебі жанынан инклюзивті білім берудің ресурстық орталықтары ашылды. Жаңа оқу жылы қарсаңында 4 мектеп есігін айқара ашты. Алдағы уақытта «ҚазМұнайГаз» ұлттық компаниясы демеушілігімен Қызылорда қаласында заманауи үлгідегі Оқушылар сарайы бой көтереді. Айта кетерлігі, «Жайлы мектеп» ұлттық жобасы аясында алдағы үш жылда 15 мыңнан астам балаға арналған 21 мектептің құрылысы жүргізіледі. Жыл соңына дейін 4 апатты мектеп мәселесі шешімін табады. Осындай тағы бір мектептің жоба-сметалық құжаттамасы әзірленуде. Ал, 2-6 жас аралығындағы өрендерді мектепке дейінгі тәрбиемен қамту ісін ұлғайту үшін 2025 жылға дейін 64 балабақшаны (10547 орын) пайдалануға беру жоспарда бар, – деді Нұрымбет Аманұлы.

Облыста халықты әлеуметтік қорғау бағытында да оң істер жүзеге асты. Биылғы жылдың 1 желтоқсанына дейінгі мәлімет бойынша аз қамтамасыз етілген 15662 отбасына 4459,5 млн теңге әлеуметтік көмек төленген. Ал мемлекеттік атаулы әлеуметтік көмек көрсетуге бюджеттен 5 млрд теңге қаралды.

Кейінгі жылдары мәдениет және спорт салаларын дамыту, тұрғындардың қолжетімділігін арттыру үшін маңызды жобалар жүзеге асты. Өңірде 17 мәдениет және спорт нысанының құрылысы жүргізілуде. Олардың қатарында 6 ауылдық клуб, 11 спорт кешені бар. Жыл көлемінде облыс бойынша халық шығармашылығын дамыту, жас таланттарды табу, өнерпаздарға қолдау, өнерін дамыту үшін 72 (14 республикалық, 2 аймақтық, 56 облыстық) байқау-фестиваль, мүшәйра мен ақындар айтысы ұйымдастырылды.

– Сыр өңірінің спортшылары биыл да жоғары жетістігімен көпшілікті қуантты. Жыл басынан бері облыста 5 халықаралық турнир, 15 Қазақстан чемпионаты мен кубогі (тоғызқұмалақ, құсбегілік, конькимен мәнерлеп сырғанау, волейбол, топтық эстетикалық гимнастика, велоспорт, грек-рим, еркін және әйелдер күресі, ауыр атлетика, футбол, дзюдо, белбеу күресі, шахмат, каратэ, арбадағы би), 34 республикалық және 132 облыс біріншілігі мен турнирлер ұйымдастырылды. Оған 28129 спортшы қатыстырылды. Облыс спортшылары Қазақстан чемпионаты мен кубоктерінде 1078 (326 алтын, 290 күміс, 462 қола) медаль жеңіп алды. Ал Әлем, Азия чемпионаты мен кубогінен барлығы 209 медальға қол жеткізді. Әлемдік деңгейдегі чемпионаттан қызылордалық жастар ересектер арасында 10 спорт түрінен 15 медаль алды. Бұл бойынша біздің облыс елімізде екінші орында тұр, – деді облыс әкімінің орынбасары.

Денсаулық сақтау саласы бойынша биыл Қазалы ауданының орталығы – Әйтеке би кентінде 250 келушіге арналған аудандық емхана құрылысы аяқталды. Оған қоса медициналық ғимараты жоқ Арал ауданы Тастүбек, Қазалы ауданы Жұбан секілді шалғай елді мекендерде 2 медициналық бекет наурыз айында ел игілігіне берілді. Көптеген емдеу орындары медициналық құрал-жабдықтармен толықтырылды.

Биыл шаһардың сол жағалауында орналасқан Қызылорда қаласының тарихы музейі ғимаратынан облыс әкімінің қолдауымен Үкіметтік емес ұйымдардың ресурстық орталығы ашылды. Өңірде азаматтық қоғам институттарының басын біріктіретін облыстық Үкіметтік емес ұйымдарының Альянсы ассоциациясы жұмыс жасайды. Оған 77 үкіметтік емес ұйым мүшелікке қабылданған.

– Жыл басында «NEET санатындағы жастарды анықтау және оларды әлеуметтендіруге бағытталған облыстық іс-шаралар жоспары» бекітілді. Жоспар аясында қала, аудандарда адрестік жұмыстар қолға алынды. Нәтижесінде 98 мыңнан астам жастың өңірлік деректер қоры жасақталды, – деді Н.Сақтағанов.

Былтыр 68 жас инновациялық жобаларын жүзеге асыру үшін 247 млн теңге грант алса, биыл бұл бағыттағы жұмыстар жалғасуда. Ауылдық округ жастарын еңбекке баулу мақсатында «Жастар еңбек бригадалары» жобасын жүзеге асырып келеді. Қазіргі таңда Сырдария ауданында құрылған «Жастар еңбек бригадаларының» саны 6-ға жетті. Олар ауылдағы инвесторлардың қолдауымен егін егіп, құрылыс заттарын дайындау бағытында жұмыс істеп жатыр.

Әлеуметтік салада көптеген ғимараттар бой көтеріп келеді. Қазір Қан орталығы, Неке сарайы, Өнер сарайының құрылысы басталды. Алдағы жылы Қызылорда қаласында бір ауысымда 100 адам қабылдайтын емхана және онкологиялық бөлімшемен қамтылған 300 төсектік көпбейінді аурухана бой көтереді. Қызылорда қаласында 200 төсектік перинаталдық орталықтың жаңа ғимаратын салу жоспарлануда.

Мемлекет басшысы жариялаған «Балалар жылы» аясында 80 балалар алаңы салынды. Олардың 50-і қалада болса, 30-ы ауылдық елді мекендерде орналасқан. Оған қоса аймақ тұрғындары үшін «Еңбекшілер аллеясы», «Демалыс саябағы» салынады. Ал Қызылорда қаласында «Аналар үйі» құрылысы басталды. 2023 жылы сол жағалауда Оқушылар сарайы, жаңа орталық стадион құрылысы жоспарлануда.

Облыс әкімінің орынбасары Нұрымбет Сақтағанов журналистер тарапынан қойылған өзге сауалдар бойынша толыққанды жауап берді.



ҚЫЗЫЛОРДА ОБЛЫСЫНЫҢ МЕМЛЕКЕТТІК САТЫП АЛУ БАСҚАРМАСЫ БАСШЫЛЫҒЫНЫҢ АЗАМАТТАРДЫ ҚАБЫЛДАУ КЕСТЕСІ

№	Тегі, аты, әкесінің аты	Лауазымы	Азаматтарды қабылдау күні мен уақыты
1	Шаменов Бауыржан Серікұлы	Басқарма басшысы	Әр аптаның сәрсенбі күні 16:00-18:00
2	Ілкібаев Ғалымжан Маратұлы	Басқарма басшысының орынбасары	Әр аптаның жұма күні 16:00-18:00
3	Баймаханов Дастан Бахытұлы	Басқарма басшысының орынбасары	Әр аптаның бейсенбі күні 16:00-18:00

Қоғам айнасы және құндылықтар арқауы

Сол сындарлы сәтте Мемлекет басшысы халыққа арнап бірнеше үндеу жасап, жағдайды жан-жақты түсіндірді. Бұл ретте, азаматтық қоғам өкілдері де халықты елдік мүддеге шақырып, тәуелсіздіктің қадір-қасиетін, татулық пен тұрақтылықтың, тыныштық пен бейбітшіліктің қаншалықты маңызды екенін бұрынғыдан да белсенді насихаттады. Қоғамда тараған түрлі қауесеттің жалған түсініктің қалыптасуына жол бермеді.

«Жаңа Қазақстан» термині пайда болғалы қоғамдық-саяси ахуалды сараптап отыратын қоғамдық даму басқармасына бұған қатысты сұрақ талай рет қойылған болар. Бұл ұлттық идея халықты ұлттық тұтастыққа, бірлікке, әділеттілікке ұмтылдырды. Бір аймақтың, бір әлеуметтік топтың емес, тұтас ұлттың мәселесі жақындасу, бауырласу үрдісін жылдамдатты, – деді Нұрымбет Аманұлы.

Жаңа Қазақстан, Әділетті Қазақстан құру бастамасы жыл бойы саясаттың, экономиканың, идеологияның алтын тіні болды. Нұрымбет Сақтағанов жалпыұлттық референдумда Сыр бойы жұртшылығы белсенділік танытқанын атап өтті. Биыл Республика күніне ұлттық мереке мәртебесі қайтарылғанын, оны 25-қазанда еліміздің басты мерекесі ретінде атап өту туралы ұсыныстың кең көлемде қолдау тапқанын да тілге тиек етті.

Түбегейлі бетбұрысқа жол ашқан ауқымды өзгерістердің бірі Президент сайлауы еді. Сайлау науқанында еліміздің болашағы туралы түрлі мазмұнды пікірталастар өрбіді. Бұл ретте де Сыр жұрты өз болашағына бей-жай қарамайтынын көрсетті. Науқанды өңірлер бойынша екінші орынмен қорытындылап, елдік мұратқа келгенде ата жолы мен ерік білдірудің заманауи, өркениетті жолын сабақтастырды.

Облыс әкімінің орынбасары бүгінде әлеуметтік-саяси шиеленістің алғышарттарын анықтау үшін тұрақты мониторинг жүргізіліп келетініне тоқталды. Өзекті мәселелер тоқсан сайын «Әлеуметтік шиеленіс ошақтары картасына» енгізіледі.

– Әлеуметтанушылар өңірде қолға алынған жаңа бастамаларға, өзекті түйткілдерге, қордаланған мәселелерге зерттеулерді ұдайы жүргізеді. Нәтижесінде, облыс әкіміне қоғамдық даму басқармасы тарапынан 12 ұсыныс беріліп, тұрғындарға қолайлы орта қалыптастыру үшін құзырлы мекемелер бірқатар тиісті шара қабылдады. Республикалық және облыстық медиа кеңістіктегі бұқаралық ақпарат құралдарында жоғарыда аталып өткен саяси маңызды шаралар, Мемлекет басшысының Жолдаулары, мемлекеттік бағдарламалардың орындалуы, аймақтың әлеуметтік-экономикалық дамуы мен жетістіктерімізді көрсететін түрлі тақырыптар талқыланды. Бұл бағыттағы барлық жұмыстарды үйлестіру де осы қоғамдық даму басқармасының құзырында. Жыл бедеріндегі Өңірлік коммуникациялар қызметі алаңындағы брифингтер санының артуы, 20-ға жуық интернет ресурстардың ашылуы ақпараттық дәуірдің беталысын аңғартқандай.

Азаматтық қоғам институттарымен, мемлекеттік тіл саясаты саласындағы, өңірдегі этносаралық ахуалға қатысты, жастар саясаты, діни ахуалды зерделеудегі барлық қызметі аймақтың қоғамдық-саяси ахуалының тұрақтылығын сақтауға бағытталды. Өтіп бара жатқан жылда облыстық қоғамдық даму басқармасы 20 жылдық белесті қорытындылап, жаңа биігінің табалдырығын аттады, – деп атап өтті Н. Сақтағанов.

Айта кетейік, Қызылорда облысы әкімдігінің 2002 жылғы 30 қазандағы №526 шешіміне сәйкес «Қызылорда облыстық ішкі саясат департаменті» болып құрылған мекемеде алғашында 4 бөлімде 12 қызметкер жұмыс жасаған (қазір 8 бөлім, 50 қызметкер). Онан бері де бірнеше рет құрылымдық өзгерістер болып, Әбенов Мұрат Абдуламитұлы, Жарқынбаев Ғайнулла Зейнуллаұлы, Мұхамеджанова Әлия Ғафурқызы, Дәдікбай Марат Кенжебекұлы, Жәлиев Нұрхан Бұқарбайұлы, Күмісходжаев Ербол Серікбайұлы, Рүстемов Руслан Рүстемұлы, Жылқышиева Жазира Жақсылыққызы, Қайруллаев Айдын Бөкенбайұлы, Маханов Талғат Толыбайұлы сияқты басшылар басқармаға жүктелген жұмыстарға жетекшілік етті. Биылғы жылы құрылымның атауы «Қызылорда облысының қоғамдық даму басқармасы» болып қайта өзгертіліп, Қазбекова Мира Жомартқызының басшылығымен ашық азаматтық қоғамды одан әрі дамытып, аймақтың қоғамдық-саяси ахуалының тұрақтылығын сақтауда тынымсыз әрі ауқымды жұмыстар жүргізілуде.

Бұл ретте облыс әкімінің орынбасары «Түбегейлі реформалар қарсаңында, күрделі жолдың басында тұрған еліміздің Әділетті Қазақстан құру мақсаты өз ісін білетін, жанашыр, патриот жандардың жанкешті еңбегімен ілгерілейді. Осы мұрат жолында баршамызға жүктелер міндет аз емес», – деп шегелей түсті.

Салтанатты шарада қоғамдық-саяси маңызды шараларда белсенділік танытып, аймағымыздың дамуына елеулі үлес қосқан бірқатар азаматтар Қызылорда облысының Құрмет грамотасымен, Қазақстан Республикасы Парламенті Мәжілісінің Төрағасы Ерлан Қошановтың Алғыс хатымен, облыс әкімінің Алғыс хатымен марапатталды. Сондай-ақ 27 номинация бойынша «Жыл үздіктері» анықталды.

Шараның мазмұнды өтуіне басқармаға қарасты мекемелер азаматтары да үлес қосты. Олар микрофон ұстап өздерінің жүргізушілік шеберліктерін көрсетті. Жыл жабар жиынның татулықты ту еткен «Достық үйінде» өтуінің өз себебі бар. Облыстық қоғамдық даму басқармасы жұмысының алға басуына жыл көлемінде қолдау білдіріп, әріптестік орнатқан мемлекеттік мекемелер мен ұжымдар, жекелеген азаматтарға да алғыс білдірілді. Әсіресе, Қызылорда облысының ардагерлер кеңесі, облыстық қоғамдық кеңес, облыстық әйелдер кеңесі, Халықаралық «Қазақ тілі» қоғамының облыстық филиалын және басқа да мекемелерді атап өтуге болады.

Сахнаға өзге ұлт өкілдері де шығып, қазақ тілінде сөйлеп, шараның әрі қарай мазмұнды өтуіне атсалысты. Фархат Халилуллаев және Наталья Мишукова, Светлана Крюгер тіл жанашырлары екенін тағы бір аңғартты. Облыстағы тіл саясаты бағытында атқарылып жатқан жұмыстардың бір парасы бейнеролик арқылы көрерменге ұсынылды.

Жас ақын Мақсат Дауылбай дүниеден өткен қаламгерлерге, қоғам белсенділеріне өлеңін арнап, «Өтіп жатыр өмір, шіркін» әнін орындады. Бұқара мен биліктің арасында дәнекер болған БАҚ өкілдеріне құрмет көрсетілді. Қай кезде болмасын алдыңғы шепте жүріп, кешегідей пандемия кезінде дәрігерлер, күштік құрылым өкілдерімен бірге ең қиын сәттерде шынайы ақпарат таратқан журналистер қауымына да басқарма қызметкерлері ризашылықтарын білдірді. Өңірлік БАҚ-тың тыныс-тіршілігі мен жетістіктері паш етілді.

Сыр өңірі – қазақылықтың, руханияттың қайнаған ордасы. Аймақтың ғасырлар бойы қалыптасқан шығармашылық мектебінен өткен және сала мамандарынан тәлім алған мыңдаған журналистер еліміздің әр өңірінде, абыройлы қызмет етуде. Бүгінде облыстың медиа кеңістігіндегі 148 БАҚ-та 2500-ге жуық қаламгер жұмыс істейді. Заман талабына сай жаңғыру мен жаңарудың жолында бұл іргелі индустриялы салаға айналды. Кейінгі екі жылдың ішінде өңірде 20-дан астам ақпараттық интернет ресурс ашылып, бәсекелестік орта қалыптасып келеді. Еліміздегі түрлі саяси-тарихи маңызды шаралар, Мемлекет басшысының Жолдаулары, мемлекеттік бағдарламалардың орындалуы, аймақтың әлеуметтік-экономикалық дамуы, ғылымы мен жетістіктерін көрсететін түрлі тақырыптарда республикалық БАҚ-та 2289 ақпарат жарияланса, жергілікті телеарналарда 90 мың сюжет, 6300 бағдарлама мен ток-шоу әзірленген. Ал облыстық, қалалық, аудандық газеттерде жарияланған 25 мыңға жуық мақала 10 миллион данамен таратылған.

Журналистер қауымының ел өміріндегі өзгерістерді бағамдап, жаңалықтарды жедел әрі шынайы жеткізудегі қызметі өлшеусіз. Олар уақытпен санаспайды, керісінше уақытты пайдалануда мейлінше тиімді жұмыс атқарады. Кеште белгілі журналистер Алтынай Молжанова, Мұрат Жетпісбаев, Гүлнұр Бүркітбаева, Олжас Дәуіт сахна төрінде ән шырқап, көрермен көңілін серпілтті.

Шара барысында өңірдегі 35 түрлі этнос өкілдерінің татутәтті тірлігі үлгі етілді. Олар мемлекетіміздің өсіп-өркендеуі мен Жаңа Қазақстанды бірге құруға өз үлесін қосуда. Бірлік пен татулықтың алтын діңгегіндей облыстық Қазақстан халқы ассамблеясы туралы бейнероликте баяндалды. Неміс этномәдени бірлестігі жанындағы «Адажио» шоу бағдарламасымен жалғасқан кеш жұртшылықты жалықтырмады. Сыр жастарының да толымды тірліктері айтылып, көрермен назарына ұсынылды. Қоғамдық жұмыстарда белсенділік танытатын азаматтық қоғам өкілдері де сахна төріне шығып, ән салды.

Облыстық қоғамдық даму басқармасының жыл тоғысар сәттегі қорытынды шарасы әдеттегі жиындардай емес, жаңа сипатта, жаңа мазмұнда әсер қалдырды.

Суреттерді түсірген Нұрболат НҰРЖАУБАЙ.

1-бет

ӨҢІР ӨНІМІ

Сапалы өнімге сұраныс көп

Қазалыда жыл басынан бері кәсіпкер болуға ынталы 1858 адам тіркелген. Аудандық кәсіпкерлік, өнеркәсіп және туризм бөлімінің мәліметінше, ауданда барлығы 5883 кәсіпкерлік субъектісі бар. Оның ішінде 4005 жеке кәсіпкер, 302 заңды тұлға және 1586 шаруа қожалығы жұмыс істейді. Бүгінде жұмыс істеп тұрған шағын және орта кәсіпкерліктің саны – 5631.

Sb Ержан ҚОЖАС, «Сыр бойы»

Ауданда дүкен ашып, үлкен қалалардан зат арту, сауда жасайтындармен қатар кейінгі уақытта өз өнімін дайындап, тұтынушы сұранысын өтеп жүргендер де бар. Тіпті, көбейіп келеді десек болады.

Соның бір мысалы, «Bag-Nur» кондитерлік дүкені. Аудан орталығы – Әйтеке би кентінің тұрғыны Нұргүл Кенжебаева тәттінің түр-түрін пісіріп, елге қызмет көрсетіп келеді. Кәсіпкер мұнымен 9 жылдан бері айналысады.

– Мектеп кезінен қызығушылығым болды. Ол уақытта интернет жоқ. Бірақ аспаздық журналдарды сатып алып, содан оқып үйрендім. Басында үйдегі мерекелік кештерге пісіріп, бірте-бірте осы кәсіпке төселе бастадым. Қазалыдағы жеке кондитерлік цехта жұмыс істеген кезім болды. Сол уақыттары Алматы қаласынан келген кондитер маманнан біраз курс алдым. Жалпы өзөзімді дамыттым десем болады. Кейіннен кондитерлік цехты жалға алып, кәсібімді толық қолға алдым. Маған көбіне-көп қолдау білдірген ағам. Осылайша бір-бірімізді қамшылап, көп кедергілерді жеңіп, нәтижеге жеттік. Бір түсінгенім, өніміңіздің сапасы, дәмі, сондай-ақ дизайны ерекше тартымды болса, ешқашан да тұтынушыдан айырылмайсыз, – дейді ол.

Биыл орталықтан екі қабатты ғимаратты жалға алған Нұргүл төрт адамды тұрақты жұмысқа қабылдапты. Ғимараттың жоғарғы қабаты түрлі тәтті дайындайтын цех болса, ал төменгі қабатында өнімдерді сату бөлімі орналасқан. Бүгінде ол дайындаған тәтті пирог пен тортқа кент тұрғындарынан бөлек, ауылдағы үлкен той иелері мен аудан орталығындағы мейрамханалардан жиі-жиі тапсырыс түсіп жүр.

Кенттегі тағы бір отбасы, ерлі-зайыптылар Ғани мен Айнұр да дайын өнімді әкеліп сатудан көрі жергілікті жерден шығатын өнімнің мол болғанын қалайды. Олар үш жылдан бері терезеге арналған түрлі жалюзи, ролл-штор, жапқыштар мен дастархан түрлерін тігіп, халыққа қызмет көрсетуде.

– Негізі бұл кәсіпті 4 жыл бұрын бастағанбыз. Ал кәсіпкерлікке тіркеліп, заңды түрде жұмыс істегенімізге биыл екі жыл толды. Жолдасым жұмыс істесе де, жалақысы аз еді. Ал мен үш баламен үйде отырғанмын. Тиыннан тиын құрап, алғаш рет жалюзи, дастархан тіге бастадық. Әйел адамдарға ұнамды дүниелер болғандықтан, біздің өнімімізді көбіне солар сатып алады. Жалпы отбасылық кәсіпті 400 мың теңгемен бастадық. Қазір кәсібіміз бірте-бірте ұлғайды, үйге қажетті дүниенің біршамасын тігіп жүрміз, – дейді Айнұр Сүлеймен.

Кәсіпкер отбасы екі жыл бұрын кент ішіндегі «Ай-Тоғжан» сауда орталығының бірінші қабатынан «Декор» студиясы деп аталатын қызмет көрсету орнын ашыпты. Әдетте, олар тіккен қай өнім болмасын жергілікті тұрғындардың көңілінен шығып жүр. Сондай-ақ Айнұрдың ескірген дастарханда рды қайта жөндеп, (реставрация) өзгеше әрі әдемі қалыпта тігіп беретіні де бар.

Қазалы ауданы

Болмысы батыр тұрпатты, әлемі әдемі ырғақты, еңселі ағалардың бірегейі Аюп Мырзабековті жұмыс орнынан таптық. Орнынан тұрып, «Қош келдіңіздер!» деп шуақты жүзбен қарсы алды. Ашық-жарқын әңгімелестік. Жетпіске жақындап қалса да, қимылы ширақ, ісі нық, баяғы сол мен көрген жас қалпында секілді. Жұмыс үстелі үстінде «Сыр бойы» газеттерінің нөмірлерін тігіп, сақтап қойыпты. Бірден оған зейін қоя қарағанымды байқаған ол: «Сыр бойы» газеті – менің рухани азығым. Оны анаа-ау мектептен бастап 57 жылдан бері оқып келемін. Оған тарихи әңгімелер, зерттеулер, тартымды материалдар шықса тігіп қоямын» деп Аюп ағамыз газет тігіндісін бір сипап қойды. Осы газет-журналдарды қолы қалт еткенде бір-бір көріп шығып, ой зеренінен өткізіп, өзінің жазып жүрген өмір күнделігін толықтырып қояды екен. Мұндай жанмен жүздескен қандай рахат!

Іскерлігі ісінде, ізгілігі ішінде

Ол кісі өзіне өте сенімді, көңілі сергек. Пікірі ашық, шешімі де, кесімі де нақты, қимылы шапшаң. Іске келсе алымды, жұмыс десе жалынды, демеуге келсе қарымды, жаңашылдығы нанымды, нағыз бүгінгі өмірге сай. Жаны рухани байлыққа толы екені байқалады. «Әркім өз мамандығының ыңғайымен көзін тауып айналысса, елге қызмет етсе, жұмыстың да, табыстың да ажары мен базары кіреді» деді Аюп ағамыз сөз арасы. Бұл – өмір тәжірибесінен ағытқан сыры.

Туғаннан турасын айтатын қасиеті басқаға ұнай қоймайтынын білетін ол өзінің сүйікті ісімен айналысқанды көбірек ұнатады. Кейбіреулер секілді жоғары жақты жағалап жүруге жаны қас, оған баратын уақыты да жоқ. Өйткені, ол – істің адамы. «Қара дауылым» тірлікті жайпап, көңіліне жақпағанды шайқап тастайтын өр мінезді ғой. Қазақтың ұлы жазушысы Сәбит Мұқановқа, ақын Асқар Тоқмағамбетовтың 60 жылдық мерейтойында мойнына галстук тағып, екеуіне арнаған өлеңін оқығанда, зиялы көкелері «Келешекте үлкен азамат бол!» деп ақ бата берген балама... Олар тегін адамдар емес, біліп қойыңдар! Ертең осы балам үлкен басшы болмаса да, ел танитын азамат болады, көресіңдер!» деп масаттана айтатын жарықтық әжесі. Бұрынғы үлкен кісілердің ауызы дуалы, сөзі уәлі ғой. Әжесінің айтқаны тура келіп, өз жолын өмірден жаңылмай тапты. Бірнеше мекемеде басшылық қызметтер атқарды. Әлі де сол басшылық қызметте. Көңілі ақынжанды, сөзге де, шежіреге де, тарихқа да төгіліп тұр. Кеудесі қазынаға толы.

Орыс тілін білмейтін ауыл баласы жоғары оқу орнына түскенде басына орысша оқулықтарды жастап қойып жаттады. Онысы «бәленшенің баласы оқи алмай, оқудан шығып қалыпты» деген жаман атқа қалмау еді. Сол намысқа тырысқанның арқасында жоғары оқу орнын жақсы бітірді. Өзінің біліміне сүйеніп, ешкімнің көмегінсіз-ақ алған инженер-энергетик мамандығы бойынша жұмысқа да тұрды. Содан қатардан қалмай еңбек етіп келеді. Талай ауыл көшелеріне бағана орнатып, электр сымын тартып, басына шамын іліп, түнді жарыққа айналдырған сәттері әлі күнге дейін есінде. Өйткені алғаш еңбек жолын осылай бастаған.

Ұлы әл Фараби бабаның «Ізгілікті қоғамда барлық адам өнермен айналысу керек» деген ұлағатты сөзі – оның басты қағидасы. Осыны ұстанған жеке кәсіпкер Аюп Мырзабеков еңбекті жүрекпен сүйіп, оған төзіммен, тегеурінді мінезбен қызмет еткенді жақсы көреді. 2003 жылдан бері күні бүгінге дейін Тасбөгеттегі «Сельхозэнерго» ЖШС мекемесінің құрылтайшысы әрі директоры. Сонау 1984 жылдан бері өзі басқарған Сырдария аудандық ауыл шаруашылығын электрлендіру мекемесі бұл. Тоқырау кезеңі басталғанда осы «Сельхозэнерго» мекемесін ұстап қалу оңайға соқпады.

Ол уақытта алпауыт мекемелердің өзі қабырғасы қақырап, тірліктері шашырап, қаншама адам жұмыстан босап жатты. Оларға қарап өзінің жүрегі ауыратын. Енді өзі басқарып отырған мекемеге де ыдырау қаупі төнді. Оны сақтап қалу жолында жарғақ құлағы жастыққа тимей іздене бастады. Ол үшін жаңаша кәсіп көзі қажет. Ойланып тұруға уақыт жоқ. Әрі-бері жүгіріп, ақыры жаңа істің көзін тапты. Онысы күйіп-жанып кеткен электродвигательдерді, генераторларды жаңадан орап, қайта қалпына келтіру жұмысы еді. Алдымен арнайы шикізат алу үшін Ресеймен байланыс орнатты. Байқап қараса, мұндай жұмыс көзі біздің облыс бойынша тіпті де жоқ екен. Міне, жаңашылдық деп осыны айт. Ол үшін арнайы жаңадан цех ашты. Оны жаңа технологиямен жабдықтады. Содан облыс аймағындағы өндіріс орындарымен ақырындап байланыс орнатты. Осылай мекеме жұмысы жәймендеп жүре бастады. Мекемедегі 15 адамды жұмыспен қамтуға жол ашты. Сөйтіп жүріп еңбеккерлердің алдын зейнетке шығарып, ақ батасын ала бастады.

Бүгінде өзі басқарып отырған «Сельхозэнерго» ЖШС облыс аумағындағы өндіріс орындарының 70 пайызымен келісім-шарт негізінде жұмыс жасайды. Іргелі де ірі мекемеге айналды. Жұмыс көзін арттырды. Көрсететін негізгі қызметтері – электр қондырғыларына техникалық қызмет көрсету, қайта ораудан өтіп жаңартылған электродвигательдерді, генераторларды іске қосу, ұңғыма насостарын күрделі жөндеуден өткізіп, өндіріске енгізу. Бұлардың бәрі – өте күрделі қызметтер. Өйткені әрбір двигательдің ішкі құрылысы, құрылымы ерекше келеді. Оларды қайта өңдеп, орап жатқанда бір жерінен жаңылсаң, еңбегің зая кетеді. Оның күрделігі осында. Мекемеде жоғары және арнаулы білімі бар адамдар еңбек етеді. Бүгінде оннан аса адамды тұрақты жұмыспен қамтып отыр.

Осы жылдар ішінде Аюп Мырзабеков Қызылорда қаласы мен Тасбөгет кентінің әлеуметтік дамуына белсене үлес қосып, күнкөрісі төмен отбасыларға қайырымдылық жасап, мүгедек балалардың іс-шараларына демеушілік көрсетіп келеді. Өйткені оны Алланың разылығы үшін жасайды. Осы еңбегі үшін 2016 жылы оны Халықаралық «Бейбітшілік әлемі» қауымдастығы «Ел ардақтысы» медалімен марапаттады. 2018 жылы қаланың әлеуметтік дамуына қосқан зор үлесі үшін «Елеулі еңбегі үшін» медалінің иегері атанды.

Бұл – адал еңбегінің, іскерлігінің, ізденісінің арқасында келген абырой. Оның азаматтығы болар, «мен ананы істедім, мынаны қырып тастадым» деп өмірінде біреуге мақтанып айтып көрмепті. Мірден сір айырғанды жаны жек көреді.

ҚР Энергетика министрлігінің «Құрметті энергетик» төсбелгісінің иегері, Аюп Мырзабековті алдағы Энергетиктер күнімен және жаңа жылмен тұспатұс келетін жетпіс жасымен құттықтай отырып, ізгілікті істен айнымай, биік белестен көріне беріңіз дейміз!

Кенжалы ЕРІМБЕТОВ,
Ақпарат саласының үздігі

Қауіпсіздік әліпбиі

Қазандықтың қауіпсіздік автоматикасы келесі үш жағдайда газды жанарғыға беруді тоқтатады:

1. Кез келген себеппен жанарғы жалынының сөнуі.
2. Түтін шығарылатын құбырда тартылымның болмауы немесе төмендеуі.
3. Жеткізетін газ құбырындағы газ қысымының белгілі бір деңгейден төмендеуі.

Кейбір қазандықтар қауіпсіздіктің тағы бір деңгейі – **қызып кетуден қорғалумен** жабдықталған. Егер жылу жүйесіндегі температура 90^{0}С-тан жоғары көтерілсе, автоматика жанарғыға газ беруді тоқтатады.

Жүйе қалай жұмыс істейді?

«Жағу» деген тұтқаны бұрап, оны басқан кезде электромагниттік клапан ашылады, газ тұтандырғышқа беріледі, пьезоэлемент ұшқын шығарып, фитиль жанады.

Осыдан кейін термопараны қыздыру үшін, тұтқаны 30 секунд ұстап тұру керек. Нәтижесінде кішігірім электр кернеуі пайда болады және электромагнит ашық күйінде бекітіледі.

Әрі қарай, тұтқаны қажетті цифрға бұру арқылы сіз газды қазандықтың жылу алмастырғышын қыздыратын негізгі

жанарғыға жібересіз.

Жүйедегі температура белгіленген деңгейге дейін көтерілген кезде, арнайы датчик термостатикалық клапанды баяу жабады және жанарғыға газды беру тоқтатылады. Жылу бергіш салқындаған кезде клапан ашылып, газ негізгі жанарғыға қайта түсе бастайды. Тұтандырғыш өз кезегінде үнемі жанып тұрады.

Әртүрлі типтегі сақтандыру бұйымдарын пайдалану кезінде келесі нұсқаулықтарды орындау ұсынылады:

- Құрылымға өзгерістер енгізбеу.
- Бұрын пайдаланылған элементтерді пайдаланбау.
- Қатты отын қазандықтарына арналған бұйымдарды қолданбау.
- Кездейсоқ адамдарға жөндеуді тапсырмау.
- Элементтерді диагностикалау тек қана тексерілген өлшеу құралдарын қолдану арқылы жүзеге асырылуы керек.
- Ақауы бар жабдықты жөндеуді кейінге қалдырмау.

ЖОБА

Қызылорда облысы әкімдігінің кейбір қаулыларының күші жойылды деп тану туралы

«Құқықтық актілер туралы» Қазақстан Республикасы Заңының 65-бабының 3-тармағына сәйкес Қызылорда облысының әкімдігі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**

1. Қызылорда облысы әкімдігінің келесі қаулыларының күші жойылды деп танылсын:

1) «Қызылорда облысы бойынша әлеуметтік маңызы бар азық-түлік тауарларына бағаларды тұрақтандыру тетіктерін іске асыру қағидаларын бекіту туралы» Қызылорда облысы әкімдігінің 2019 жылғы 9 қыркүйектегі №56 қаулысы (нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу Тізілімінде 6914 нөмірімен тіркелген);

2) «Қызылорда облысы бойынша әлеуметтік маңызы бар азық-түлік тауарларына бағаларды тұрақтандыру тетіктерін іске асыру қағидаларын бекіту туралы» Қызылорда облысы әкімдігінің 2019 жылғы 9 қыркүйектегі №56 қаулысына өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы» Қызылорда облысы әкімдігінің 2020 жылғы 24 шілдедегі №72 қаулысы (нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу Тізілімінде 7567 нөмірімен тіркелген).

2. Осы қаулының орындалуын бақылау Қызылорда облысы әкімінің бірінші орынбасарына жүктелсін.

3. Осы қаулы оның алғашқы ресми жарияланған күнінен бастап қолданысқа енгізілсін.

Қызылорда облысының
әкімі Н.Нәлібаев

ЖОБА

Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытуға мемлекеттік білім беру тапсырысын, ата-ана төлемақысының мөлшерін бекіту туралы

Қазақстан Республикасының «Білім туралы» Заңының 6-бабы 2-тармағының 7-3) тармақшасына, Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2017 жылғы 27 қарашадағы №597 «Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың, орта білім берудің, сондай-ақ кредиттік оқыту технологиясын есепке алғандағы техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі, жоғары және жоғары оқу орнынан кейінгі білім берудің жан басына шаққандағы нормативтік қаржыландыру әдістемесін бекіту туралы» бұйрығына (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде №16137 тіркелген) сәйкес Қызылорда облысының әкімдігі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**

1. Осы қаулының 1-қосымшасына сәйкес мектепке дейінгі тәрбие мен оқытуға арналған мемлекеттік білім беру тапсырысы бекітілсін.

2. Осы қаулының 2-қосымшасына сәйкес мектепке дейінгі тәрбие мен оқытуға ата-ана төлемақысының мөлшері бекітілсін.

3. «Қызылорда облысының білім басқармасы» коммуналдық мемлекеттік мекемесі осы қаулыны заңнамада белгіленген тәртіппен Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде мемлекеттік тіркеуді қамтамасыз етсін.

4. Осы қаулының орындалуын бақылау жетекшілік ететін Қызылорда облысы әкімінің орынбасарына жүктелсін.

5. Осы қаулы оның алғашқы ресми жарияланған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі, 1-тармағы 2023 жылғы 1 қаңтарынан бастап туындаған қатынастарға қолданылады.

Қызылорда облысының
әкімі Н.Нәлібаев

Қызылорда облысы әкімдігінің
2022 жылғы «__»_____ № _____ қаулысына
1-қосымша

Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытуға арналған мемлекеттік білім беру тапсырысы

Елді-мекен	Тәрбие-ленушілер саны	Мектепке дейінгі білім беру ұйымдарының түрлері және айына бір тәрбиеленушіге жұмсалатын шығындардың орташа құны (теңге)				
		Жарты күн болатын топта, жалпы білім беретін мектептегі мектепалды даярлық сыныбында	9 сағаттық болу режимі бар топта	10,5 сағаттық болу режимі бар топта	түзету үлгісіндегі 10,5 сағаттық болу режимі бар топта	туберкулез, аллергия ауруымен ауыратын, қант диабетімен ауыратын, әлжуаз және жиі ауыратын балаларға арналған 10,5 сағаттық болу режимі бар топта
ауыл	29911	26718	56698	61823	113202	93701
қала	23398	24610	52481	57079	103318	85794

Қызылорда облысы әкімдігінің
2022 жылғы «__»_____ № _____ қаулысына
2-қосымша

Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытуға ата-ана төлемақысының мөлшері

Елді-мекен атауы	Тәрбиеленушілер саны	Бір айға ата-ана төлемақысының мөлшері 3 жасқа дейін (теңге)	Бір айға ата-ана төлемақысының мөлшері 3 жастан бастап (теңге)
Қызылорда	23537	-	-
қала	19914	13500	14500
ауыл	3623	13500	14500
Арал ауданы	4245	-	-
қала	2214	7000	8000
ауыл	2031	6000	7000
Қазалы ауданы	3495	-	-
қала	255	9900	11000
ауыл	3240	12500	13000
Қармақшы ауданы	4077	-	-
қала	1015	8500	8500
ауыл	3062	6000	7000
Жалағаш ауданы	3105	-	-
ауыл	3105	6000	7000
Сырдария ауданы	2050	-	-
ауыл	2050	6500	7500
Шиелі ауданы	6490	-	-
ауыл	6490	6000	8000
Жаңақорған ауданы	6310	-	-
ауыл	6310	6000	8000

ХАБАРЛАНДЫРУ

Қарулы Күштерінің бірыңғай жүйесін құрайтын қазіргі заманғы, саны жанынан жинақы, жақсы жабдықталған және жауынгерлік қабілеті жоғары Құрлық әскерлері, Әуе қорғанысы күштері мен Радиоэлектроника және байланыс әскери-инженерлік институты және Кадет корпусы құрылды. Әскери оқу орындары әскерилердің кәсіби шеберлігін арттыру саясатын жалғастыруда. Сонымен бірге әскерлерді келісім-шарт негізінде жасақтау, армияны қазіргі заманғы қару-жарақпен жарақтандыру одан әрі дамытылды.

Сонымен қатар, тағдырын армиямен байланыстыруға шешім қабылдаған азаматтар үшін қолайлы әлеуметтік жағдайлар жасалатын болады.

Бүгінгі күні отандық әскери білім беру жүйесін Қорғаныс министрлігінің қарамағында әскери оқу орындары құрайды.

1. Алматы қаласында орналасқан Құрлық әскерлерінің Әскери институты.
2. Ақтөбе қаласында орналасқан Екі мәрте Кеңес Одағының батыры Т.Ж.Бигелдинов атындағы Әуе қорғанысы күштерінің Әскери институты.
3. Алматы қаласында орналасқан Радиоэлектроника және байланыс әскери-инженерлік институты.
4. Ақмола облысы Щучинск қаласында орналасқан Қорғаныс министрлігінің Шоқан Уәлиханов атындағы Әскери колледжі.

ҰБТ мынадай жалпы білім беру пәндерінен жүргізіледі:

математика, физика – негізгі пән, Қазақстан тарихы, қазақ немесе орыс тілдері;

кемінде 50 балл, оның ішінде математикадан сауаттылығы немесе математикадан кемінде 7 балл, ал қалған пәндер бойынша – кемінде 4 балл тестілеу нәтижесі бар үміткерлер келесі емтихан тапсыруға жіберіледі.

Әскери оқу орнын бітірген азамат лейтенант шенімен оқу бітірісімен Қазақстан Республикасы Қарулы Күштерінің әскери бөлімдеріне жөнелтіп, әскери қызмет атқарады, яғни әскери мамандықты таңдаған азаматты жұмыссыз қалдырмайды. Керісінше мүмкіндігінше үй-жаймен қамтамасыз етіп барлық жағдайды жасайды.

Сондықтан қаламыздағы болашақ ел қорғайтын ер азаматтар Бауыржан аталарымыздай жаужүрек батыр болғылары келсе, елінің тыныштығы мен қауіпсіздігі үшін қызмет етуді мақсат тұтар болса, жергілікті жердегі Қорғаныс істері жөніндегі басқармаға (военкоматқа) жолығуларын сұраймыз.

Мекен жайымыз: Қызылорда қаласы, Қазантаев көшесі №19
Байланыс телефондары: 26-42-50, № 118 кабинет.

Жаңажылдық жәрмеңке

24 желтоқсан күні Жаңа жыл мерекесі аясында Қызылорда қаласында барлық аудандар мен «Байқоңыр» ӘКК» АҚ-ның қатысуымен ауыл шаруашылығы өнімдерінің жәрмеңкесі өтеді.

Жәрмеңкеде Сыр диқандары мен шаруалар өндірген өнімдерін төмен бағада ұсынатын болады.

Құрметті қала тұрғындары мен қала қонақтары жәрмеңкеге келіп, Сыр диқандарының тартуын қабыл алыңыздар!

Ауыл шаруашылығы өнімдері жәрмеңкесінің өтетін орындары:

Арал және Жалағаш аудандары бірлесіп – С.Торайғыров көшесі;

Қазалы және Сырдария аудандары бірлесіп – «Шұғыла» шағын ауданы, Ғ.Мұратбаев көшесі;

Қармақшы ауданы – «Ақмешіт» шағын ауданы, Журба көшесі;

Жаңақорған ауданы – Астана даңғылы;

Шиелі ауданы – Тасбөгет кентінің орталық алаңы.

ДЕНСАУЛЫҚ, БАҚЫТ, БЕРЕКЕ – БАРШАҢЫЗҒА!

Қасиет дарыған емші Нартай Тұрсанов – бел-омыртқа, асқазан, өт, ішек жолдары, жүрек, қан қысымы, ұйқысыздық, басқа да ауруларға ем жүргізеді.

Н.Тұрсанов – Құртқа тәуіп атындағы проскопиялық ғылым акаде-миясының, дүниежүзілік психологтар, дәрігерлер, халық және рухани емшілер ассоциациясының мүшесі. Дәстүрлі Шығыс халық медицинасы дәрігерлері академиясының, ҚР Халық және рухани емшілері мекемесінің толық мүшесі. Әлемдік халық және рухани емшілер ассоциациясының курстарынан өтіп, сауықтырудың энергиялық ақпараттық жүйесімен, халықтық рухани және дәстүрлі медицина тәсілімен емдеуге рұқсат етілген сертификаты бар.

Тәсілі – нүктелі ем, адам ағзасындағы бітеліп тұрған қан тамырлары мен буын жолдарын ашу және қасиет арқылы қуат жіберу.

Ем алу уақыты әр науқастың деңгейіне қарай белгіленеді.

Қабылдауға телефон арқылы тіркеледі: 8 778 788 65 11 (ватсап), 8 705 467 58 13.

Мекен-жайы: Қызылорда қаласы, КБИ шағын ауданы, Ұлағат түйығы 12 үй.

(“Қазақстан Республикасының Халық және рухани емшілері” мекемесінен №0924 куәлігі берілген)

(4-4)

Қызылорда қаласының тұрғындарының назарына!

Құрметті қызылордалықтар!

Қазақстан Республикасы Қорғаныс министрлігі Республикалық мемлекеттік қазыналық кәсіпорыны «Әскери-техникалық мектебі» Алматы филиалы базасында өтеусіз негізде мерзімді әскери қызмет өткермеген азаматтарды оқуға шақырамыз.

11 сынып бітірген азаматтарды «ВС1С» санаттағы әскери жүргізушілерді даярлау бойынша оқуға шақырамыз.

Әрбір азамат оқу кезеңінде далалық киім-кешекпен, үш рет тамақтандырумен қамтамасыз етіледі. Бітіргеннен кейін мерзімді әскери қызметке міндетті түрде жөнелтіледі.

Сонымен қатар, әскери борышын өтеп болғаннан кейін мамандығымен келісім-шарт бойынша әскери қызметке орналасуға мүмкіншілігі, әсіресе Қызылорда қаласы маңындағы әскери бөлімдерге орналасуға болатынын жеткіземіз.

Денсаулық жағдайы бойынша жарамды, бойы 170 см төмен емес;

Жасы он сегіз жасқа толған және жиырма екі жасқа дейінгі аралығы бойынша әскерге шақырылушылар;

Қылмыстық жауапкершілікке тартылмаған;

Оқу мерзімі: үш ай

Ниет білдірген азаматтар төмендегі мекенжай бойынша, Қызылорда қаласының қорғаныс істері жөніндегі басқармасына Қазантаев көшесі, 19 үй № 118 кабинет, 26-42-50, 8-705-680-34-58 телефоны арқылы хабарласуларыңызға болады.

«Сыр бойы», «Кызылординские вести», «Ақмешіт апталығы», «Ақмешіт жастары» және ауданның барлық басылымдарына хабарландыру орналастырғыңыз келсе: 70-00-52 телефоны арқылы байланысуға болады.
E-mail: smjarnama@mail.ru

Биыл Ақпарат және қоғамдық даму министрлігі екінші мәрте «Тәуелсіздік ұрпақтары» атты 14 пен 29 жас аралығындағы үміткерлерге арналған грант байқауын ұйымдастырды. Бұл грант Президент Қасым-Жомарт Тоқаевтың тапсырмасына сәйкес жыл сайын беріледі.

Sb Аружан ЕРАЛЫ, «Сыр бойы»

Жас өреннің жеңісі

Жобаның мақсаты – белсенді, шығармашыл жастардың жаңа және қолданыстағы бастамаларына мемлекеттік қолдау көрсету.

Гранттар жаңа идеялар мен бастамаларды іске асыру үшін беріледі. Биыл жастардан мыңнан астам жоба қабылданған еді. Үміткерлердің ішінен «Ғылым», «Мәдениет», «Ақпараттық технологиялар», «Бизнес» және «Медиа» бағыттары бойынша 33 жоба үздік деп танылды. Жеңімпаздарды конкурстық комиссия мүшелері анықтады.

Аталған жобаға облыстан да бірнеше үміткер қатысып, олардың ішінен креативті идеясымен көзге түскен Назарбаев зияткерлік мектебінің оқушысы Дина Жанұзақова жеңімпаз атанды.

Аталған жобаның өту барысы туралы өңірлік коммуникациялар қызметінде өткен брифингте облыстық жастар ресурстық орталығының директоры Талғат Тілес айтты.

– Президент «Тәуелсіздік бәрінен қымбат» атты мақаласында Тәуелсіздік жылдары дүниеге келген дарынды жастарға нақты қолдау ретінде «Тәуелсіздік ұрпақтары» атты грант тағайындау қажеттігін атап өткен болатын. Биыл елорда төрінде екінші рет өткізілген байқау 5 бағыт бойынша жаңа идеяларды іріктеді. Атап айтқанда, «Ғылым», «Мәдениет», «Ақпараттық технологиялар», «Бизнес» және «Медиа». Іріктеуден өткен үздік 33 жобаның жеңімпаздарына 3 млн теңге көлемінде грант берілді. Солардың ішінде қызылордалық Дина Жанұзақова ерекше әрі тың жобасын таныстырып, үздіктер қатарынан көрінді, – деді ол.

Назарбаев зияткерлік мектебінің 9-сынып оқушысы Дина Жанұзақова еліміздегі тарихи қалаларды ерекше мазмұнда көпшілікке таныстыруды мақсат еткен. Оның айтуынша, киелі мекендерді анимациялық жүйе арқылы көркемдеп, қызықтырса ішкі туризмді дамытуға оң әсер етпек.

– Мен «Тәуелсіздік ұрпақтары» байқауына қатысып, грант жеңіп алғаныма өте қуаныштымын. Еліміздің әр аймағынан келген жас өрендер өздерінің креативті идеяларын жүзеге асыруға талпыныстары ерекше болды. Менің жобамның негізгі мақсаты – тың технологияларды пайдалана отырып, еліміздегі мәдени мұралар мен тарихи жерлерді смартфондар мен әлеуметтік желілерде көрсету арқылы көпшілікке таныстыру. Осы идеям байқауда қолдауға ие болды. Енді бір жыл ішінде команда жасақтап, мақсатымды жүзеге асырамын, – деді ол.

Топжарған тас қалаушы

Президент Қасым-Жомарт Тоқаев Қазақстан халқына Жолдауында «Кәсібилік пен еңбекқорлық қоғамымызда ең жоғары орында тұруы қажет. Елімізде еңбекқор адам, кәсіби маман ең сыйлы адам болуға тиіс. Осындай азаматтар мемлекетімізді дамытады» деді. Президенттің бұл сөздері ел жастарын жігерлендірді. Жаңақорған аграрлы-техникалық колледжінің түлегі Нұрдәулет Мәтен «WorldSkills Kazakhstan 2022» VII республикалық кәсіби шеберлік чемпионатында чемпион атанды.

Sb Гүлбану МАҚАЖАН, «Сыр бойы»

«WorldSkills» – әлемде жұмысшы мамандықтарының мәртебесін көтеруге, білікті мамандарды даярлауға бағыттайтын бірегей жоба. Нұрдәулет VII республикалық чемпионатта еліміздің барлық өңірінен қатысқан 500 жаспен бірге бақ сынады. Олар 30 негізгі құзыреттілік бойынша жарысты. Оның ішінде электрмонтаждау жұмыстары, аспаздық және мейрамхана ісі, бизнеске арналған IT-шешімдер, web-технологиялар, мобильді робототехника, мехатроника, прототиптеу және басқа да құзыреттіліктер бар. Жаңақорғандық тас қалаушы еліміздегі ірі кәсіпорындардан жұмысқа шақырту алып және келесі жылы Францияда өтетін WorldSkills Europe чемпионатына қатысу үшін ұлттық құрамаға кіру мүмкіндігін иеленді.

Бұл – үлкен бетбұрысқа батыл қадам жасаған Жаңақорған аграрлы-техникалық колледжінің жетістігі. Оқу орны жастарды жұмысшы мамандықтарына даярлап, кәсіптік білім беру мақсатында еңбек етіп келеді. Білім ошағында кәсіби маманның теориямен қатар тәжірибені игеруіне қажетті материалдық-техникалық мүмкіндік мол.

– Колледжде 486 студент 19 мамандық, 24 біліктілік бойынша білім алуда. Ғимараттарды салу және пайдалану мамандығы 2005 жылдан бері оқытылып келеді. Бүгінге дейін 250 студент білім алды. Олардың басым бөлігі құрылыс мекемелерінде жұмыс істеп жүр. Оқу орнының базасында өткен чемпионаттың облыстық кезеңінде Нұрдәулет Мәтен жүлделі бірінші орынды иеленген еді. Енді міне республикалық сыннан да сүрінбей өтті. Оның жеңісі оқу орнындағы озық білім беру жүйесін, кадрлардың кәсібилігін аңғартты. Алдағы сайыстарда басқа да мамандықтар бойынша студенттеріміз үздік шығады. Қазір олар үлкен ізденіс пен дайындық үстінде, – деді Жаңақорған аграрлы-техникалық колледжінің директоры Жомарт Шәуенов.

Нұрдәулет білім ошағында ғимараттарды салу және пайдалану мамандығын меңгерген. Оқуын бітірген соң құрылыс шебері, ағаш ұстасы, тас қалаушы біліктілігін алған. Жетекшісі – өндірістік оқыту шебері Сәуле Бегімбетова. Нұрдәулеттің ата-анасы балабақшада жұмыс істейді. «Әкеге қарап ұл өсер» демекші, Нұрдәулет тас қалауды әкесі Нұрділләдан үйреніпті. «Ата өнері – балаға мұра» дегендей өз үйін өзі тұрғызған әке ұлын да еңбекке баулыған. Нұрдәулеттің алдында екі ағасы, бір әпкесі бар. Үйдің кенжесі болса да шаруаға бейім, ата-анасының қолқанаты.

Биік-биік ғимараттар салуды армандайтын Нұрдәулет республикалық чемпионатта үш күн комиссияның көз алдында өзіне берілген тапсырманы мүлтіксіз орындап шыққан. Енді ол кірпіш қалаудың қыр-сырын меңгеріп, әлемдік додада ел намысын қорғауға әзірленіп жүр.

«Жас қанатта» қанаты қатайған

Жыр елі атанған біздің өлкеде жастайынан өнер жолында шыңдалған таланттар баршылық. Солардың бірі Руслан Садықовтың өзіндік тыңдарманы қалыптасқан. Алғаш рет «Әнші балапан», «Таңшолпан», «Жас қанат» байқауында өнерімен көзге түсті. Саз әлемінің сахнасына келген жиырма жылда көптеген табысқа қол жеткізді.

Sb Аружан ЕРАЛЫ, «Сыр бойы»

Әнші сахнадағы 20 жылдығына орай Н.Бекежанов атындағы облыстық қазақ академиялық музыкалық драма театрында ән кешін өткізіп, тыңдармандарын қуантты. Әнді жанына серік еткен тамаша дауыс иесі талай мәрте Сыр елінің атын асқақтатып, халықаралық деңгейдегі байқауларда марапат биігінен көрінді.

Ән кешінде облыстық мәдениет және спорт басқармасының басшысы Руслан Рүстемов құттықтау сөз сөйлеп, Алғыс хат табыстады. Талантты әншінің шығармашылығын жоғары бағалап, ән әлемінде өзіндік орны бар екенін атап өтті. Сонымен қатар «Қазақстан» РТРК» АҚ облыстық филиалының директоры Ж.Қарабала мен Сырдария ауданы әкімінің орынбасары Д.Байдушев алғыс айтып, құрмет көрсетті.

Сыр перзентінің ән әлеміндегі жолы «Жас қанат» байқауынан бастау алған. Үкілі Ыбырайдың «Гәкку» әнін ерекше нақышта орындап, көрермен көзайымына айналды. «Күміс қанат» иегері атанды. 2002 жылы Белорусьтің Витебск қаласында өткен халықаралық «Славянский базар в Витебске» конкурсына Қазақстанның атынан қатысып, байқауға шығыс елдерінен барған алғашқы қарлығаш атанған. Эстонияның Таллин қаласында ұйымдастырылған I халықаралық «Эду-2004» әншілер конкурсында лауреат атанды. Құрметті консул Аду Лукастың қабылдауында болып, қазақ мәдениетінің дамуына қосып жүрген үлесі үшін Құрмет грамотасымен марапатталуы да – әншіге көрсетілген ерекше құрметтің бірі.

Сондай-ақ, 2005 жылы Феодосияда өткен халықаралық «Крымская волна» ән байқауында қазақтың халық әні «Назқоңырды» орындап жүлделі 2-орынды иеленіп, лауреат атанған.

Әншінің репертуарындағы туындылардың жөні бөлек. Ол Серік Меңдіқұловтың «Жастық шақ», ақын, композитор Д.Торғаеваның «Бауырларыма» атты әніне бейнебаян түсіріп, тыңдармандарының ыстық ықыласына бөленді. Р.Гайсиннің «Күтемін сені» атты әніне түсірілген бейнебаян көрермен көңілінен шықты. «Таң аруы» атты үнтаспасы жарық көрді. Мұның барлығы – әншінің өнерге деген шынайы сүйіспеншілігінің дәлелі.

Руслан Садықовтың ән додаларында жеткен жетістігі көп. Өнер жолындағы еңбегінің арқасында «Дүниеталанттары одағының» мүшелігіне қабылданып, сый-құрметке ие болды. Ол – Қазанғап атындағы Қызылорда музыкалық колледжінің және Қазақ Ұлттық музыка академиясының түлегі. Бүгінде әншінің өнердегі жеткен жетістіктері бағаланып, «Мәдениет саласының үздігі» төсбелгісіне ие болды. Алдағы уақытта өнер жолындағы еңбегі еселеніп, ән әлеміндегі орны биіктей беретініне сенеміз.

Балалар жылы 2022

Кейінгі жылдары әдебиет жанашырлары балаларға арналған кітаптардың жарық көруі кенжелеп кеткенін ұрпақ тәрбиесіндегі өзекті мәселе ретінде көтеріп жүр.

Танысайық төлдермен

Сыр бойында бала табиғатын танып, кішкентай жүректің қажетін дөп басып, туынды жазған авторлардың ішінде есімі ерек аталатын жанның бірі – Оразбай Қосанов. Автор өз оқырмандарымен терең шығармашылық байланыс орнатқан. Олай дейтініміз, оның бүгінге дейін бұл бағытта бірнеше еңбегі жарық көрді. Мәселен, 2019 жылы «Балаларға базарлық» атты туындысы бүлдіршіндерді ертегілер әлеміне, жер шарын және ондағы түрлі құбылыстарды тануға, отансүйгіштікке, шынайы достыққа жетелейді. Жаңашыл автор бұл жолы кішкентай оқырмандарын «Танысайық төлдермен» атты туындысымен қуантты. 3-10 жас аралығындағы балаларға арналған кітап тақырыптарға сай түрлі-түсті суреттермен безендірілген. Аты айтып тұрғандай үй жануарлары мен аң-құстарды сипаттап, тек жақсыны дәріптеген дүние «Қызылорда Қанағаты» баспасынан жарық көріп отыр.

Мұндағы әр өлең – автордың ұзақ жылғы шығармашылық еңбегінің жемісі. Енді осылай бүлдіршіндер әлемін баурайтын шығармалар қоржыны жыл сайын тартымды туындылармен толыға берсе игі. Ұлттың рухани кемелденуі үшін балаларға бұдан үлкен базарлық жоқ шығар, сірә.

Айта кетейік, бұған дейін ҚР Білім беру ісінің үздігі, еңбек ардагері Оразбай Сағындықұлының қоғамдағы өзекті мәселелерге орай «Экологиялық терминдер түсіндірмелі сөздігі», «Қызылорда облысы жан-жануарларының экологиялық ахуалы», «Адамдарға айтарымыз бар» атты кітаптары жарық көрген.

«СБ» ақпарат

Кітап оқығандар басқарады

Қазір елімізде кітап оқитындар, оның ішінде кітапханаға барып, кітапты қолына алып оқитындар көбейген. Жағымды жаңалықты жария еткен – «Ranking.kz» сайты. Аталған сайттың мәліметіне жүгінсек, өткен 2021 жылы кітапханаға барғандар саны артып, рекордтық көрсеткішке жеткен.

Әлбетте, кітап – сарқылмас қазына. Оны оқитындар көбейгені көңілімізге қуаныш ұялатты. Бәлкім, осы да жаңалық па дерсіз? Балаларымыз бесіктен белі шықпай жатып смартфонға байланған заманда мұның жағымды ақпарат, үлкен жаңалық екені даусыз.

Өкінішке қарай, өркениеттің ордасы саналатын кітапханаға кейінгі жылдары санаулы адам ғана бас сұғатыны үйреншікті көрініске айналды. Ал, бүгін ше? Сандарды сөйлетіп көрелік. Цифрлық медиа талабымен электронды кітаптар қатары көбейгендіктен кітапханаға барушылар саны сиреген.

Кейінгі ширек ғасырда елімізде кітапханалар саны 7352-ден 3920-ға дейін қысқарыпты. Бірақ кітапхана саны азайғанмен, оған баратындар қатары азайған жоқ. Кітапханалар үшін 1999 жыл сәтсіз жыл болды. Бұл жылы республика бойынша кітапханаға барғандар саны 2,6 млн адам ғана болған. Алайда, бұл көрсеткіш жылдан-жылға өсіп, бүгінде кітап оқушылар саны 6 миллионға жеткен. Оның ішінде 34,6 пайызы (2,1 миллионы) – кітапхананың интернет-ресурсын пайдаланатындар.

Демек, халық кітап оқиды. «Қазір ешкім бұрынғыдай кітап оқымайды» деген – бекер сөз. «Кітап дегеніміз – алдыңғы ұрпақтың кейінгі ұрпаққа қалдырған рухани өсиеті. Кітап оқудан тыйылсақ, ой ойлаудан да тыйылар едік», – депті сөз зергері Ғабит Мүсірепов.

«Бүгінгі компьютер тетігінде отырғандарды болашақта кітап оқығандар басқарады» деген сөзді қазіргі зиялылар тектен-текке айтып жүрген жоқ.

«СБ» ақпарат

www.facebook.com/syrboyi.kz/ https://twitter.com/syrboyi www.instagram.com/syrboyi_kz

Меншік иесі
СЫР МЕДИА
жауапкершілігі шектеулі серіктестігі

БАС ДИРЕКТОР
Аманжол ОҢҒАРБАЕВ
қабылдау бөлмесі тел/факс: 8/7242/ 70-00-36, 40-11-10 (1002)

БАС РЕДАКТОР
Қуат ШАРАБИДИНОВ
қабылдау бөлмесі – тел: 8/7242/ 40-02-17, 40-11-10 (1007)

Бас редактордың орынбасары – 40-11-10 (1053)
Жауапты хатшы – 70-00-81 (1037)

Бөлімдер:
руханият және ақпарат – 40-11-10 (1039, 1040)
экономика – 40-11-10 (1038, 1033)
әлеумет және саясат – 40-11-10 (1034)
жарнама – 70-00-52, 40-11-10 (1058)
есеп-қисап – 70-00-39, 70-00-38
компьютер орталығы және корректорлар – 40-11-10 (1036, 1035)

Қызылорда облыстық «Сыр бойы» газеті
ҚР СТ ISO 9001-2016 (ISO 9001:2015)
«Сапа менеджменті жүйелері» талаптарына сәйкес KZ.4310318.07.03.01178 нөмірімен сертификатталған. Авторларға қаламақы тапсырыс бойынша төленеді, қолжазба өңделеді және қайтарылмайды. Жариялымдар газеттің түпкілікті көзқарасын білдірмейді.
«АҚ» - ақылы қызмет.
Жарнама мазмұнына жарнама беруші жауапты.

Газет аптасына 3 рет (сейсенбі, бейсенбі, сенбі күндері) шығады.

Газет Қазақстан Республикасының
Мәдениет және ақпарат министрлігі
Ақпарат және мұрағат комитетінде тіркелген.
Тіркеу куәлігі №12993-Г, 27.08.2012 ж.

Газет редакцияның компьютер орталығында теріліп, беттеліп,
«ASU» баспа үйі» ЖШС сенімгерлік басқаруындағы
«Сыр медиа» ЖШС баспаханасында басылды.
Тел.: 8/7242/ 40-06-68.
Газеттің таралымы бойынша
8/7242/ 70-14-08 телефон нөміріне хабарласуға болады.

Редакция мекен-жайы: Қызылорда қаласы, Бейбарыс Сұлтан көшесі, 4 “А”. | e-mail: syrboyi@yandex.kz / www.syrboyi.kz | Таралымы 24665 | Тапсырыс №2161 | Кезекші редактор **Аружан ЕРАЛЫ**